

РЕСУРСТАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ МАҢЫЗДЫ

5-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



АТАҚТЫ ҚОБЫЗШЫ НЕГЕ АТАУСЫЗ?

8-БЕТ | РУХАНИЯТ



ҚАҚТЫҒЫСТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

9-БЕТ | ШАРТАРАП

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Біздің міндетіміз – жұмыссыз қалудың алдында тұрған миллиондаған адамға жаңа мүмкіндік беру. Басқаша айтсақ, жасанды интеллектінің орасан зор әлеуетін жаңа жұмыс орындарын ашуға, адам капиталын күшейтіп, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын арттыруға пайдалану керек.

№116
(4860)
Бейсенбі
2 қазан
2025 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Қазақстан үш жыл ішінде толыққанды цифрлық ел болуы керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы халыққа арнаған Жолдауында осындай межені белгіледі. Бүгінгі таңда елімізде цифрлық жүйелер мен жасанды интеллектті дамыту бағытында жан-жақты жұмыстар қолға алынды.

2



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЗАМАНЫ

ҚАРТТАРҒА – ҚҰРМЕТ

Халықаралық қарттар күніне орай елордада көптеген мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды.

Зейнет жасындағы зейнеткерлер мен ардагерлер үшін қайырымдылық-кеңес беру акциялары, мәдени және спорттық іс-шаралар, концерттік бағдарламалар ұсынылды. Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің бастамасымен, демеушілердің қолдауымен изгілік іс-шаралары өткізіліп, ардагерлер мен зейнеткерлерге құрмет көрсетіліп, алғыс айтылды.

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек бір топ аға буын өкілдерімен кездесіп, қаладағы «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» мекемесінің жұмысын жоғары бағалап, елордалық зейнеткерлерді мерекемен құттықтады.

4-бет

ТҰМАУҒА ҚАРСЫ НАУҚАН

Елордада маусымдық тұмауға қарсы иммундау үшін Ресейде өндірілген «Гриппол+» вакцинасын егу басталды.

Қала мұндай вакцинаны 145 мың дозасын сатып алуға жергілікті бюджеттен қаржы бөлінді. Үкіметтің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №612 қаулысына сәйкес, вакцинация тәуекел тобындағы азаматтарға тегін жүргізіледі. Атап айтқанда, екпе мына санаттарға: медицина қызметкерлеріне, диспансерлік есептегі балаларға, балалар үйлері мен сәбилер үйінің тәрбиеленушілеріне, қарттар үйіндегі адамдарға, жүктіліктің екінші және үшінші триместріндегі әйелдерге, жүрек-қан тамырлары және тыныс алу жүйесінің созылмалы аурулары бар азаматтарға, мектеп оқушыларына, сондай-ақ эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша жабық мекемелердің контингентіне және өзге де санаттарға ақысыз салынады.

БЕЛСЕНДІ ЖАСТАР ҚАЛАСЫ

Бүгінгі таңда Астанада 481 630 жас тұрады, бұл – қала халқының үштен бірі. Олардың арасында 106 мыңы – студенттер.

Елордада оқитын студенттердің 73 мыңы ел өңірлерінен болса, 5 мың студент – шетелден келгендер. Қазір бас қалада еңбегімен еленіп жүрген жас кәсіпкерлер, IT мамандары, еріктілер, өнер мен спортта танымал, білім мен ғылымға ұмтылған жастар көп. Осындай жастардың бастамалары Астананың дамуына ерекше серпін беріп отыр.


4

РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ АРНАДЫ

Астана қаласы аумақтық қорғаныс бригадасының бөлімше командирі 3-сыныпты сержант Рауан Әбілханов Астана-Көкшетау-Астана бағыты бойынша 600 шақырымдық супермарафондық қашықтықты жүгіріп өтті.

Осыдан бес күн бұрын Астанадан аттанған әскери спортшы сейсенбі күні Қорғаныс министрлігі ғимараты алдында мәреге жетті. Марафоншыны әскери оркестрдің сүйемелдеуімен әріптестері, достары, туған-туысқандары салтанатты жағдайда қарсы алды.

Салауатты өмір салтын ұстанған әскери спортшы супермарафон қашықтығын еңсеру үшін күніне 120 шақырым жүгіріп өткен. 42 жастағы Рауан Әбілханов – 8 қыз бен бір ұлды тәрбиелеп отырған өнегелі әке. «Бұл супермарафон рекордын Республика күні мерекесіне арнаймын» дейді әскери спортшы.



№116 (4860) 02/10/2025 Бейсенбі



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңестің алғашқы отырысын өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңестің алғашқы отырысын ашып, бұл жиынның мән-маңызы ерекше екенін атап өтті. Президент жасанды интеллектіні дамытпай, жаһандық бәсекеге төтеп беру мүмкін еместігін еске салды. Цифрлық жүйелер мен жасанды интеллект егемен ел болудың кепіліне, экономикалық дамудың қозғаушы күшіне айналды.

– Қазақстан үш жыл ішінде толыққанды цифрлық ел болуы керек. Жалпы, елімізде осы бағытта біраз жұмыс істелді. Мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметтің 92 пайыздан астамы онлайн форматта ұсынылады. Былтыр еліміздегі қолма-қол ақшасыз төлемнің үлесі 85 пайыздан асты. Сондай-ақ биыл алғашқы жарты жыл ішінде Қазақстан азаматтарына 26 миллион цифрлық қызмет көрсетілді. Соның жартысына жуығы смартфон арқылы жасалған. Мұның бәрі де, әрине, жақсы. Дейтұрғанмен жасанды интеллектінің даму жылдамдығы өте тез, қарқыны жоғары. Сондықтан бір орында тоқтап қалмай, бұл іске үнемі жаңа көзқараспен қарау қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы бүгінгі басқосу «Білім беру саласындағы жасанды интеллект: мүмкіндіктер және сын-қатерлер» тақырыбына арналатынын айтты. Президенттің пікірінше, біз қазір түбегейлі өзгерістер дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Жасанды интеллект бүгінде экономиканың, мемлекеттік басқару жүйесінің, ғылымның, ең бастысы, білім беру саласының келешегін айқындауда.

– Біздің ұлт ретінде бәсекеге қабілеттілігіміз және егемендігіміз осы технологияны қалай пайдаланатынымызға қарай анықталады. Мен жуырдағы Жолдауымда алдағы үш жыл ішінде Қазақстанды толық цифрлық елге айналдыру жөнінде стратегиялық мақсат қойдым. Жасанды интеллект осы трансформацияның қозғаушы күші болуға тиіс. Бұл орайда әлемдегі немесе аймақтағы көшбасшылық туралы сөз қозғалып отырған жоқ. Басты мақсат – Қазақстанды озық, өркениетті елге айналдыру. Көптеген жетекші елдер жасанды интеллектіні XXI ғасырдың стратегиялық ресурсы ретінде мойындады және оны дамытуға қомақты қаржы бөліп отыр. Мысалы, Қытай «ЖИ +» (AI+) атты мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда. Оның аясында жасанды интеллект технологиясын экономикаға, ғылымға және әлеуметтік салаға кешенді түрде интеграциялау көзделген. Ал Құрама Штаттар аталған салада дүние жүзі бойынша көш бастауды мақсат тұтады. Соған сәйкес стратегиясын іске асыра бастады. Бұл фактілер әлемде мүлдем жаңа даму парадигмасы қалыптасып жатқанын көрсетеді: жаһандағы технологиялық бәсекенің негізгі факторы – жасанды интеллект. Қазақстан бұл үдерістен тыс қала алмайды. Сол себепті біз барлық саладағы интеграцияны үйлестіру үшін Жасанды интеллект министрлігін құрдық, – деді Президент.

МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Мемлекет басшысы еліміздің алдында тұрған басты мақсат – отандық технологияны жаңжақты дамыту және мықты IT мамандарын даярлау екеніне мән берді. Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру саласындағы негізгі басымдықтарға тоқталды.

– Университеттер жаңа заманға сай мамандар дайындауға тиіс. Қазақстанның инженерлері, зерттеушілері және кәсіпкерлері бүкіл әлемнің қажетіне жарайтын озық технологияларды ойлап табуға қабілетті болуы керек. Жыл басында елімізде AI-Sana бағдарламасы іске қосылды. Осы жоба аясында 440 мыңнан астам студент жасанды интеллект саласы бойынша арнайы сертификатқа ие болды. Мұндай бағдарламалардың пайдасы мол, себебі дәл осындай алаңдарда ең үздік жобалар өз алдына стартап ретінде қалыптасып, халықаралық нарыққа шыға бастайды. Алайда біз әлемдік нарықта жасанды интеллект мамандарына деген сұраныстың өте жоғары екенін ұмытпауымыз керек және алдағы уақытта бұл сұраныс тек өсе бермек. Мұндай жағдайда, тіпті, білім беру жүйесінің мүмкіндігі де шектеулі болары анық. Сол себепті қазіргі озық технология дәуірінде әр маман иесі өзінің негізгі кәсібімен қатар, цифрлық дағдыларды жетік меңгеріп, жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін жұмыс барысында қолдана білгені жөн, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бүгінде елімізде жасанды интеллект мамандарын оқытатын арнайы оқу орны жоқ екеніне, олар тек жекелеген университеттерде білім алатынына назар аударды.

– Бұл мәселені қолға алып, нақты шешім қабылдау керек. Әлемде мұндай тәжірибе бұрыннан бар. Мысалы, Біріккен Араб Әмірліктерінде Мұхаммед бен Заид атындағы мамандандырылған Жасанды интеллект университеті құрылды. Қазақстанда 79 университетте IT мамандығы бойынша 63 мыңнан астам студент оқиды. Былтырдан бері білім беру бағдарламаларына Жасанды интеллект пәні жаппай енгізіліп жатыр. Сондай-ақ университеттерде жасанды интеллект жөніндегі ғылыми-зерттеу орталықтары жұмыс істейді. Білікті ғалымдарымыз былтыр KazLLM атты қазақ тілінің жеке моделін жасап шығарды. Осының бәрі өте маңызды жобалар екені сөзсіз. Бірақ алда ауқымды жұмыс бар, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, алдымен елімізде жасанды интеллект саласына маманданған зерттеу университетін ашу керек.

– Оқу орнына арнайы мәртебе берген жөн. Сондай-ақ бұл жұмысқа әлемдік үздік оқу орындарын серіктес ретінде тарту қажет. Үкімет жыл соңына дейін осы мәселе бойынша нақты ұсыныс беруге тиіс. Осындай жаңа оқу орны бізге не үшін қажет деген сауал да туындауы мүмкін. Басты мақсат – экономиканың барлық саласына жасанды интеллект технологиясын енгізетін білікті мамандарды даярлау. Зерттеу университеті ғылым-білім, инновация және халықаралық байланыс орталығы ретінде жұмыс істеуі керек. Қазіргі жаһандық білім және технология нарығында бәсеке өте жоғары. Дарынды жастарымыз әлемдік деңгейдегі сапалы білімді тек шетелден емес, өз елімізден де алғаны дұрыс. Бұл – Қазақстанның болашағына тікелей әсері бар өте маңызды мәселе, – деді Президент.

ЖАСТАРДЫҢ ЫНТАСЫН АРТТЫРАДЫ

Мемлекет басшысы жасанды интеллектіні білім беру жүйесіне кеңінен енгізу қажет деп санайды.

– Дербес оқыту – революциялық мүмкіндік. Әдеттегі «Барлығына бір бағдарлама» моделі заман талабына сай келмейді. Әр оқушының өзіне тән ерекшелігі бар. Бірі математикаға жүйрік болса да, тіл үйренген кезде қиналады. Енді бірі гуманитарлық пәндерге жетік болса, бірі физикаға шорқақ. Жасанды интеллект арқылы осы олқылықты жоюға болады. ЖИ негізінде құрылған білім жүйесінде әр оқушының қарым-қабілетіне сәйкес жеке оқыту бағдарламасын әзірлей аламыз. Соның нәтижесінде жастардың әлеуеті мен оқуға ынтасы артады. Халықаралық тәжірибеде мұндай сәтті мысалдар жеткілікті. Мәселен, АҚШ-та DreamBox және Knewton сияқты білім беру платформалары математика курсын әр оқушыға бейімдеп оқытады. Оңтүстік Кореяда жасанды интеллектіні тіл үйрену үшін қолданады. Қазақстанда да мұндай тәсілге жүгінудің айрықша маңызы бар. Әсіресе, көпэтносты ел ретінде біз тілдік, мәдени немесе жалпы білім деңгейі әртүрлі балалардың бәріне тең жағдай жасауды ойлауымыз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент оқушылардың цифрлық профильдерін қалыптастыруды тағы бір маңызды басымдық ретінде атады.

– Онда әр баланың оқу үлгерімі, мықты қырлары мен жетістіктері тіркеледі. Ал бұл, өз кезегінде, университет бағдарламасын оңтайландырып, жоғары оқу орнын мерзімінен бұрын тәмамдауға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, жасанды интеллект цифрлық профиль негізінде кәсіптік бағдар жүйесін жасақтайды. Оқушыларға қарым-қабілетіне сай даму жолдары, курстар мен жобаларды таңдау еркіндігі ұсынылуы керек. Бұл болашақ инженерлерді, зерттеушілерді, дәрігерлерді, мұғалімдер мен кәсіпкерлерді алдын ала анықтауға жол ашады. Осылайша, әрбір адам өз қабілетін пайдаланып, өмірден лайықты орнын табады. Үкіметке жаңа ЖИ университетімен интеграцияланған оқушылардың ұлттық цифрлық профильдер жүйесін құруды тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент мұғалімдер көп уақытын жұмсайтын күнделікті күйбең шаруаны жасанды интеллект арқылы автоматтандырудың маңызына назар аударды.

– Алгоритмдер шәкірттерге жеке тапсырмалар мен дайындық тесттерін әзірлеп, жауаптарды тексеріп, олармен жылдам кері байланыс орната алады. Мұндай технологиялық шешім мұғалімдердің жұмысын едәуір жеңілдетіп, ұстаздық қызметімен айналысуына мүмкіндік береді. Бірақ бір нәрсе әрдайым есте болуға тиіс: мұғалімнің жанашырлығын және ақыл-парасатын ешбір технология алмастыра алмайды. Сондықтан мұғалім мен оқушы арасындағы адами қарым-қатынас білім беру үдерісінің өзегі болып қалуға тиіс. Біздің мақсатымыз – педагогтерді басы артық жұмыстан босату, өз миссиясын алаңсыз атқаруына жағдай жасау. Үкімет жасанды интеллектіні білім беру жүйесіне енгізген кезде осы қағиданы ескеруі керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев білім алу мүмкіндіктерін кеңейту маңызды міндет екеніне мән берді.

– Жасанды интеллектіні кеңінен пайдалану орталық пен аймақ, қала мен ауыл арасындағы білім алшақтығын қысқартуға қолайлы жағдай жасайды. Әсіресе, бұл – шағын жинақты мектептерге қатысты мәселе. ЖИ технологияларын енгізу ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды жан-жақты қолдау үшін өте маңызды. Біздің мақсатымыз – шын мәнінде инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру. Бұл – Әділетті Қазақстан құрудың негізгі алғышарттарының бірі, – деді Президент.

БІЛІМДІ ДАМЫТУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ

Мемлекет басшысының пікірінше, жасанды интеллект білімді дамытуға және таратуға оң ықпал етеді. Жаңа технологияларды жетік меңгерсек те, өз болмысымызды, яғни төл мәдениетімізді, құндылықтарымызды сақтап қалуға тиіспіз. Заманауи үрдістердің пайдасы мен зиянын ажырата білуіміз қажет. Ұлт дүниетанымына жат нәрселердің білім жүйесіне енуіне жол бермеуіміз керек. Түптеп келгенде, жасанды интеллект ел мүддесіне қызмет еткені дұрыс.

– Бұл – озық технологиялардың ықпалы руханиятымызға, тарихи мұраларымыз бен бірегей мәдениетімізге ешқандай кеселін немесе зиянын тигізбеуі керек деген сөз. Оқушыларға берілетін білімнің мазмұны және оның сапасы дұрыс болуы керек. Ең жақсы алгоритмнің өзі қате немесе жеңіл-желпі материал әзірлеп беруі мүмкін. Қайталап айтамын, жасанды интеллектіні білім беру ісінде көмек құралы ретінде қолдануға болады. Алайда білімнің сапасына және тәрбиелік мағынасына машина емес, адам жауапты болуға тиіс, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру саласына жасанды интеллектіні кеңінен енгізу барысында оның қауіп-қатерлерін қаперден шығармауды ескертті.

– Ең алдымен, бұл жерде жасанды интеллектіні теріс пиғылда пайдалану секілді этикалық мәселелер сөз болып отыр. Нейрожелі берген жауапқа сеніп, оқушылар сыни пайымдау, іздену және сараптау қабілетінен айырылып қалуы мүмкін. ЖИ білім беру үдерісін жетілдіруге тиіс, бірақ оның іргелі негізін алмастырмауы керек. Сондықтан Үкімет академиялық адалдықты қамтамасыз ету бағытында кешенді шаралар қабылдауы қажет, – деді Президент.

Мемлекет басшысы еңбек нарығы күн өткен сайын өзгеріп жатқанын атап өтті.

– Көптеген кәсіп иелерінің жұмысын енді автоматты жүйе атқаратын болады. Мұндай үрдіс қазірдің өзінде жүріп жатыр. Бұл бірқатар мамандықтың ескіруіне, яғни көптеген адамның жұмыссыз қалуына әкеп соқтырады. Бұл – аса өзекті мәселе. Осы жұмысты қазірден бастап қолға алмасақ, мұндай үрдістің әлеуметтік салдары ауыр болады. Жұмыссыздық белең алып, тұрмыс сапасы төмендеп, әлеуметтік теңсіздік күшеюі мүмкін. Бірақ бұл жерде де жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға болады. Мәселен, ақылды технологиялар қызметкерлердің мықты не әлсіз тұстарын айқындап, кәсіби шеберлігін дамыту үшін нақты ұсыныстар бере алады. Мамандарды қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға кең мүмкіндік жасап, күні бұрын әрекет етуге тиіспіз. Бұл ретте тым үлкен қайта даярлау орталықтарын құруға бюджеттен миллиондаған қаржы шығындаудың қажеті жоқ. Жасанды интеллектінің әлеуетін сауатты қолдана білген жөн. Біздің міндетіміз – жұмыссыз қалудың алдында тұрған миллиондаған адамға жаңа мүмкіндік беру, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, біздің цифрлық стратегиямызда ұлт мүддесі басты орында тұратынын жеткізді.

– Шын мәнінде, негізгі мәселе жасанды интеллект қана емес. Ең бастысы – елдің егемендігі, ұрпақтың болашағы. Үкімет бүгін айтылған ұсыныстың бәрін мұқият қарастырады. Сөз соңында бір мәселені атап өткім келеді. Жасанды интеллект – цифрлық экономиканың негізгі қозғаушы күші. Сондықтан Кеңестің келесі отырысын осы тақырыпқа арнауды ұсынамын, – деді Мемлекет басшысы.



МҰҒАЛІМ – ӨТЕ ҚАДІРЛІ ТҰЛҒА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мұғалімдердің кәсіби мерекесі елімізде ерекше аталып өтетінін жеткізіп, ұстаздар қауымына зор құрмет көрсетілетінін айтты.

– Міржақып Дулатұлы «Халыққа ең пайдалы адам – мұғалім» деген. Мұғалім – әр азамат үшін өте қадірлі тұлға. Басқа сөзбен айтқанда, мұғалім әрбір балаға өмір жолын көрсетеді. Ұстаз – тәлім-тәрбие мен білімнің қайнар көзі. Кез келген қоғамның кемелдігі, өркениеттілігі ұстазға деген қатынасымен өлшенеді. Ұстазын ұлықтаған елдің ұрпағы саналы, болашағы жарқын болары хақ. Себебі әр мұғалімнің еңбегі – ерен, еліміздің дамуына қосқан үлесі орасан. Сондықтан бүгін мен білім беру саласында еңбек етіп жүрген барша азаматқа шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы озық ойлы ұлт болу үшін ең алдымен, білім-ғылымның дамуына баса мән беруіміз керек деп санайды.

– Соңғы бес жылда елімізде осы бағытта көп жұмыс істелді. Білім саласына бөлінетін қаржы үш есе артты. 1200 жаңа мектеп ашылды. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы жүзеге асырылып жатыр. Осы жоба бойынша заман талабына сай 150 білім ошағы салынды. Сондай-ақ осындай 67 мектептің құрылысы жүріп жатыр. Балалардың сапалы білім алуына қажетті барлық жағдай жасалуда. Бұл деректі халық білуі керек, себебі мемлекет жас ұрпақтың біліміне және ұстаздардың жағдайына баса назар аударып жатыр. Біз педагогтердің мәртебесін көтеріп, әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін нақты шараларды қолға алдық. Арнайы заң қабылдадық. Бүгінде ұстаздардың жалақысы 2 есе өсті, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ұстаз болу нағыз білікті, дарынды, шебер маманның ғана қолынан келетінін алға тартып, мұғалімнің еңбегі соған сай лайықты бағалануға тиіс екеніне тоқталды.

– Қазір білім нарығында бәсеке күшейді, көптеген жастарымыз ұстаз болуға ұмтылып жатыр. Әсіресе, мектепті «Алтын белгімен» бітірген түлектердің арасында мұғалімдік жолын таңдағандар көп. Бұл – өте жақсы үрдіс. Мемлекет мұндай азаматтарды әрдайым қолдайды. Биыл мұғалімдер даярлау үшін 13 мыңнан астам грант бөлінді. Бұл – еліміздегі барлық гранттың бестен бірі-не жуығы деген сөз. Жалпы, білім беру саласында жүйелі жұмыс істеліп жатыр, нәтижесі де жақсы деп айтуға болады. Мысалы, былтырдан бері мыңнан астам оқушы түрлі пәннен халықаралық білім сайысында жеңімпаз атанды. Бұл – ұстаздардың белсенді жұмысының жемісі, дарынды жастарымыздың табанды еңбегінің нәтижесі. Мен тамыз айында олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін Ақордаға шақырып, оларға арнайы сертификаттар табыстадым. Бұл дәстүр жалғасын табады, – деді Президент.

Мемлекет басшысы ел жастарына зор үміт артып, өскелең ұрпақтың ертеңіне үлкен сеніммен қарайтынын жеткізді.

– Қазіргідей құбылмалы заманда сапалы біліммен қатар, саналы тәрбиенің маңызы ерекше. Біз осы мәселеге баса назар аударуымыз керек. Бұл іске мемлекет те, мектеп те, отбасы да бірдей атсалысуы қажет. Биылдан бастап барлық мектептің оқыту үдерісіне «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізіліп жатыр. Басты мақсат – жас ұрпақтың санасына жалпыұлттық құндылықтарды сіңіру, оларды отаншыл рухта тәрбиелеу. Қазіргі таңда бүкіл халық «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыруға қомақты үлес қосып, осы маңызды жұмысқа белсенді түрде атсалысуда. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық қозғалысы – жай науқан емес, бұл – мән-мағынасы терең, еліміздің болашағына тікелей қатысы бар жұмыс. Сондықтан мен барлық мұғалімдер қауымына осы бастамаға қолдау көрсеткені үшін алғыс айтамын. Мұның бәрі, түптеп келгенде, ұлт сапасының мықты болуына әсер етеді. Жалпы, алда әлі де көп жұмыс бар. Мен Тамыз конференциясында білім беру ісіне қатысты бірқатар өзекті мәселеге арнайы тоқталдым. Үкіметке нақты тапсырмалар бердім. Оқу-ағарту министрлігі барлық жұмысты уақтылы әрі сапалы орындауы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент заман талабына сай дамыған, озық ел болуға үндеп, білім беру ісіндегі цифрландыру мәселесіне назар аударды.

– Цифрландыру және жасанды интеллект технологиясы – қазіргі заманның ақиқаты. Сол себепті мен биылғы халыққа Жолдауымды осы өзекті мәселеге арнадым. Цифрлық сауаттылықты балаларға мектептен бастап үйреткен дұрыс. Оқушылар озық технологияны оқуда тиімді пайдалана білгені жөн. Бұл – ұстаздарға да қатысты мәселе. Мұғалімдер заманауи дағдыларды жетік меңгеруі қажет. Жасанды интеллектіні білім саласында кеңінен пайдаланған абзал. Цифрлық ел болу – бір күннің шаруасы емес. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл – мектептен бастап түбегейлі жаңа тәсілмен жұмыс істеу деген сөз. Сіздер, құрметті ұстаздар, осы маңызды миссияны жүзеге асыруға атсалысып, белсене жұмыс істейсіздер деп сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің мемлекеттік саясатында «Заң және тәртіп» қағидасы үстемдік құратынын жеткізіп, оны жүйелі жүзеге асыру нәтиже бере бастағанына тоқталды.

– 2019 жылдан бері қылмыстық құқықбұзушылықтың саны екі есе қысқарды. Уәкілетті органдар бұл бағыттағы кешенді жұмысты жалғастыруы керек. Қоғамда жоғары құқықтық мәдениет қалыптастыруда Оқу-ағарту министрлігі мен педагогтер айрықша рөл атқарады. Себебі әділдік, заң және тәртіп қағидаттары мектеп партасынан бастап орнығуы қажет. Осылай ғана біз өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуын қамтамасыз етіп, шын мәнінде Қауіпсіз, Қуатты және Әділетті Қазақстанды құра аламыз, – деді Президент.

Жиында Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру саласына қосқан елеулі үлесі және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін бір топ ұстазды мемлекеттік наградамен марапаттады.

Президент қолынан мектеп мұғалімдерімен бірге колледж және жоғары оқу орындарының оқытушылары, сондай-ақ ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс істейтін мамандар да марапат алды.


Іс-шарада «Дарынды балаларға арналған мамандандырылған «Дарын» лицей-интернатының мұғалімі Мұхтар Талқанбаев пен «Школа Будущего «Әділет» балабақша-мектеп кешенінің мұғалімі Татьяна Құдайбергенова сөз сөйледі.

ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТТІ КҮШЕЙТЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісін іске қосты.

Қасым-Жомарт Тоқаев New Silk Way VII Халықаралық көлік-логистика бизнес-форумының ашылуымен құттықтап, іс-шараның мән-маңызы ерекше екеніне тоқталды.

– Бәріміз «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісінің ресми ашылуына куә болып отырмыз. «Достық – Мойынты» жолы – шын мәнінде аса маңызды инфрақұрылым жобасы. Бұл жоба Қазақстанның көлік-логистика жүйесінің дамуына, оның тиімділігін нығайтуға айрықша серпін беретіні сөзсіз. Ал тарихымызға үңілсек, осыдан отыз бес жыл бұрын «Достық – Алашаңқай» жобасы іске қосылды. Қазақстан мен Қытайдың теміржолы тоғысты. Бұл еліміз үшін тарихи оқиға болды. Сол жолды салған ардагерлеріміз қазір осы жиынға қатысып отыр. Баршаңызға зор алғысымды айтамын. Мен халыққа Жолдауымда, көлік-логистика саласы экономиканың қозғаушы күші, халықаралық байланысты нығайтатын негізгі фактордың бірі деп атап өттім. Қазақстанның бұл саладағы әлеуеті зор. Ұлы Жібек жолы Қазақстан мен Орталық Азия арқылы өткен. Қазақ жері ежелден Қытай мен Еуропа арасындағы алтын көпір саналады. Қытай – біздің мәңгі, тату көршіміз әрі сенімді одақтасымыз. Біз бір-бірімізге әрдайым қолдау көрсетеміз. Қос халықтың қарым-қатынасы мызғымас достыққа, өзара сенімге негіз-делген. Елдеріміздің болашаққа деген көзқарасы – ортақ. Көп саладағы ынтымақтастығымыз нығаюда. Әсіресе, «Бір белдеу, бір жол» жаһандық жобасының мән-мағынасы айрықша. Баршаңызға мәлім, 2013 жылы Төраға Си Цзиньпин бұл бастаманы Қазақстанда жариялады. Біз осы жобаны барынша қолдаймыз, оны жүзеге асыруға белсене атсалысып жатырмыз. Себебі бұл бастама еліміздің мүддесіне толық сай келеді. «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісі – соның айқын дәлелі, – деді Президент.



Мемлекет басшысының айтуынша, бұл – Тәуелсіздік кезеңіндегі ең ірі теміржол құрылысы, еліміз үшін айрықша стратегиялық маңызы бар жоба.

– Жұмысшыларымыз үш жылға жуық уақыт бойы күні-түні табанды еңбек етті. Осындай белсенді жұмыстың арқасында теміржол мерзімінен бұрын іске қосылмақ. Мұны, шын мәнінде, тарихи сәт деуге болады. Бұл – баршаңызға ортақ қажырлы еңбектің жемісі. Бәріңізді шын жүректен құттықтаймын! Зор ризашылығымды білдіремін. Жаңа жол жүк тасымалының көлемін 5 есе арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ экспорттық тауарларды жеткізу уақытын қысқартып, транзиттік әлеуетімізді күшейте түседі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент еліміздің бүгінде Еуразиядағы басты транзит тар жобаны уақтылы жүзеге асыру туралы нақты тапсырма бердім. Алдағы уақытта 5 мың шақырым теміржол салу жоспарланып отыр. Сондай-ақ 11 мың шақырым теміржол жөнделеді. Қазір «Мойынты – Қызылжар» теміржолы салынып жатыр. Қызылжар станциясынан Ақтау портына дейінгі учаскелер жаңғыртылады. Бұл бағдар – Транскаспий халықаралық көлік бағдарының басты бөлігі. Мұның бәрі Еуропа пен Азияның арасын жалғап, Транс-Қазақстан теміржол бағытының, яғни Орта дәліздің қарқынды дамуына ықпал етеді. Жалпы, бәсекеге қабілетті ел болу үшін экономикамыздың мейлінше қуатты болуына баса назар аударуымыз керек. Бұл ретте, көлік-логистика саласының орны бөлек. Сондықтан Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру негізгі басымдықтың бірі болып қала бермек. Теміржол саласының алдында тұрған міндеттер – айқын, – деді Президент.

ТҰРАҚ ЕРЕЖЕЛЕРІН ӨЗГЕРТУДІ ТАЛАП ЕТТІ

Мәжілістің жалпы отырысында депутат Асылбек Нұралин Астанадағы автотұрақтар мәселесін көтеріп, қала тұрғындарының тарифтердің ашық еместігіне байланысты шағымдары көбейіп жатқанын атап айтты.

Депутат 2025 жылдың ортасына қарай Астанада шамамен 460 мың автокөлік тіркелгенін атап өтті. Бұл алдыңғы жылдармен салыстырғанда 14,8%-ға көп. Сонымен қатар, күн сайын елордаға қосымша 30 мыңға дейін көлік кіріп, көлік инфрақұрылымына айтарлықтай салмақ түсіруде.

«Депутаттық сауал негізінде мемлекеттік органдардың жұмыс кестесі қайта қаралғанына қарамастан, тұрғындар автотұрақ пен төлем мәселесіне байланысты жиі шағымдануда. Іс жүзінде, көлік қысқа уақытқа тоқтаған күннің өзінде бір сағат үшін міндетті төлем алынуы, пайдаланылмаған уақыт үшін ақшаның қайтарылмауы – маңызды проблема. Сонымен қатар, әр аймақта әртүрлі тарифтердің болуы мен бірыңғай төлем жүйесінің жоқтығы, Астана әуежайында 15 минуттық тегін лимиттен асқаны үшін 5 мың теңге айыппұл салынуы тұрғындардың наразылығын тудыруда, – деді Мәжіліс депутаты.

Оның айтуынша, тұрақ операторларының қызметі көбіне төлем жинауға ғана бағытталған. Бұл жағдай мемлекет пен азаматтардың мүдделерінің тепе-теңдігіне, сондай-ақ жол мен қалалық инфрақұрылымды еркін пайдалану құқығына қатысты сұрақтар туындатады.

Осыған байланысты депутат тоқтау уақытын фото-видео тіркеу арқылы дәл анықтау және пайдаланылмаған уақыт үшін ақшаны автоматты түрде қайтару жүйесін енгізуді, тұрақтан және айыппұлдардан түскен қаражаттың ашықтығын қамтамасыз етуді және мобильді қосымшаны жетілдіруді ұсынды.

Оның сөзінше, мұндай өзгерістер қала тұрғындарының наразылығын азайтып, тұрақ жүйесінің әділдігін қамтамасыз етеді.

№116 (4860) 02/10/2025 Бейсенбі

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРДІ ҚҰТТЫҚТАДЫ



Халықаралық қарттар күні қарсаңында Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек елордалық аға буын өкілдерімен кездесіп, оларға игі тілегін жеткізді.

– Зейнет жасындағы адамдардың өмір сүру деңгейін арттыру және оларды қоғамға белсенді жұмылдыру мақсатында тұрақты әрі жүйелі шаралар қабылдап келеміз. Олардың бірі – «Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарын» ашу. Қазіргі уақытта қалада оның 6 филиалы бар. Олар елорданың барлық ауданында орналасқан. Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарында 20-ға жуық түрлі бағыт бойынша үйірмелер мен секциялар жұмыс істейді. Мұнда жаттығу залдары, компьютерлік сыныптар, вокал және шығармашылықпен айналысуға арналған бөлмелер бар. Сол сияқты қазақ және ағылшын тілдерін оқыту курстары, мәдени шаралар және т.б. пайдалы іс-шаралар өткізіледі. Сонымен қатар, аға буын өкілдерінің қызығушылықтарына қарай мынандай клубтар да ашылған: «Атадан балаға аманат», «Зияткерлік ойындар», «Күміс дәрежелі ерікті», «Хор, вокал», «Бау-бақша» және т.б. Мәселен, Нұра ауданында алдын алу массажына арналған екі кабинет жұмыс істейді, – деді қала басшысы.

Мұндай орталықтар қариялардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, бос уақытын пайдалы өткізуге, пікірлес достар табуға мүмкіндік береді. Орталық қызметі – тегін.

– Сіздерді келе жатқан Халықаралық қарттар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Дендеріңізге саулық, ұзақ ғұмыр, бақ-береке тілеймін!, – деді Жеңіс Қасымбек.



КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР КӨТЕРІЛДІ

Қалалық мәслихат депутаттары «Астана-РЭК» акционерлік қоғамына барып, 2025-2026 жылғы жылыту маусымына дайындық барысымен танысып қайтты.



Бүгінгі таңда кәсіпорында – 1 910 қызметкер, солардың 92-сі әкімшілікте және 1 818-і өндірісте жұмыс істейді екен.

Тарифтер бойынша Астана қаласы республикада 14-орында: орташа есеппен – 34,92 тг, тұрғындар үшін – 26,54 тг және заңды тұлғалар үшін – 36,44 тг.

Кездесу барысында мен подстанциялардан гөрі жаңа жылу электр орталығын салудың қажеттілігін айттым. Әріптестерім де маңызды мәселелерді көтерді. Мәселен, депутат Асқар Смағұлов әлеуметтік нысандардың (аурухана, емхана) тариф қымбаттығынан жиналған миллиардтаған қаржыдарын атап, оларға бірыңғай көмек пен қолдау қажет екенін жеткізді.

Мен болсам, мердігерлердің қарыздарына тоқталдым. Өкінішке қарай, сол қарыздың кесірінен тұрғындар үйлерінің құжаттарын ала алмай отыр.

«Астана-РЭК» басшылары бұл бағытта жұмыс жүргізіліп жатқанына тоқталды. Компания өкілдері де өз проблемаларын жасырмады. Атап айтсақ, қараусыз қалған электр желілері, техникалық қызмет көрсетілмеген желілер, заңмен бекітілген жауапкершіліктің жоқтығы, бірқатар қызмет түрлеріне тыйым салынуы мәселелерін алға тартты. Осы мәселелерді шешу үшін комиссия құрып, заңға өзгерістер енгізу туралы ұсынысымды ортаға салдым. Біз үшін ең бастысы – қала тұрғындарының сапалы жарық, жылу алып, әлеуметтік салалардың да тұрақты жұмыс істеуі.

Кендебай АДАМБЕК,
Астана қаласы мәслихатының депутаты

ШЕБЕР АСПАЗДАР САЙЫСЫ

Астанада VI Халықаралық «Astaufest 2025» гастрономиялық фестивалі аясында «Жылдың бас аспазы – 2025» байқауы өтті.

Қалалық Білім басқармасының қолдауымен Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі ұйымдастырған іс-шараның мақсаты – Халықаралық аспаздар күні мен техникалық және кәсіптік білім беруді интернационализациялау аясында шетелдік білім беру ұйымдары және кәсіпорындарымен өзара ынтымақтастық орнату.

Негізі, VI Халықаралық «Astaufest 2025» гастрономиялық фестивалі аясында өтіп жатқан байқаулар қаладағы бірнеше орында ұйымдастырылып, жалпы саны 230 қатысушы осы байқауларда өздерінің аспаздық шеберліктерін танытты.

– Бұл – дәстүрлі түрде жыл сайын өтетін аспаздар сайысы. Мұнда тәжірибелі аспаздар мен колледж студенттері өзінің бағын сынай алады. Фестивальге еліміздің 15 өңірінен 45 оқу орнынан студенттер келді. Сондай-ақ шетелден қатысушылар мен сарапшылар қатысып отыр. Олардың ішінде комиссия төрағасы, «Мишлен» жұлдыз иегері, Огюста Эскофье кавалері, Бельгия және француз тағамдарының метрі Jean Achner бар. Қатысушылар он-оннан тамақ әзірлейтін асханаға кіріп, 1 сағаттың ішінде ыстық тамақ және басытқы дайындады. Жыл аспазына Гран-при және басқа жеңімпаздарға жүлделі орындар беріледі. Мұндай байқаулар жұмысшы мамандығының беделін арттыруға және нығайтуға көмектеседі. Аспаз мамандығы қаншалықты бағалы екендігін, сұранысқа екенін дәлелдейтін және қатысушыларға рух беретін фестивальдеріміздің бірі, – деді фестивальдің сарапшысы, тәжірибелі аспаз Манас Ысқақ.



Maqsut Narikbayev University қабырғасында өткен жиында Мемлекет басшысының биылғы Қазақстан халқына Жолдауы талқыланды. Іс-шараға Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, университет ұжымы, студенттер және «Болашақ» бағдарламасының түлектері қатысты.

БЕЛСЕНДІ ЖАСТАР ҚАЛАСЫ



Райхан РАХМЕТОВА

Жиынға қатысушылар Жолдауда айтылған цифрландыру мен жасанды интеллектіні барлық салаға енгізу және елорданың дамуы мәселелеріне тоқталды. Мемлекет басшысы Қазақстанды үш жылдың ішінде толыққанды цифрлық елге айналдыру жөнінде стратегиялық маңызы бар міндет қойды. Ал елорданың міндеті – осы бастаманы жүзеге асырудың флагманына айналу. Осы тұрғыда Астанада Халықаралық жасанды интеллект орталығының ашылуы маңызды оқиға болып отыр. Бұл орталықтың негізгі мақсаты – Қазақстанды жасанды интеллектке бағытталған мемлекетке айналдыру, сондай-ақ қоғамдық және экономикалық өмірдің барлық саласында жасанды интеллект технологиялары мен инновацияларды дамытуға серпін беру. Қала әкімі орынбасарының айтуынша, аталған орталық аясында Tomorrow School мектебінің студенттері білім алатын болады. Есет Байкен Мемлекет басшысы айтқандай, елдің өркениетке қадам басуы ең алдымен білім мен ғылымға ұмтылған жас буынның арқасы екенін де жеткізді.

– Бүгінде ел астанасында 481 630 жас тұрады, бұл – қала халқының үштен бірі. Олардың арасында 106 мыңы – студенттер. Бұл ретте 73 мың студент өзге өңірлерден, ал 5 мың студент шетелден келіп білім алуда. Қатарында жас кәсіпкерлер, IT-мамандар, еріктілер мен өнер-білімге ұмтылған жас дарындар да бар. Жастардың бастамалары Астананың дамуына ерекше серпін беріп отыр. Президент Жолдауында жастарға қатысты нақты басымдықтар, яғни білім мен кәсіби дағдыны дамыту, патриотизмді жаңа жобалар мен пайдалы істер арқылы дәлелдеу, жасанды интеллект дәуіріне дайын болу сияқты айтылды. Елордада қазіргі таңда ЖОО-лардың саны 16-дан 20-ға артты, оның ішінде 5 ұлттық, 10 жеке оқу ордасы, 4 шетелдік университет филиалы, 1 автономды білім беру ұйымы бар. Соның ішінде өзім осы Maqsut Narikbayev University оқу орнында білім алып шыққанымды мақтан етемін, – деді Есет Байкен.

Сондай-ақ ол Президент көтерген тағы бір мәселе – елорданың көшіқон жағдайына да тоқталды. Бүгінде қалада шамамен 1,6 млн адам тұрады. Қалаға келушілер қатары жылдан жылға артуда, соның ішінде басқа аймақтан келетін студенттер саны көбейіп, бұл оларды жатақханамен қамтамасыз ету мәселесін туғызып отыр. 2023 жылы елордадағы жатақханаларға 7,5 мың орын қажеттілігі пайда болды. 2024 жылы 4 мыңнан астам орындық 7 студенттер жатақханасы пайдалануға берілді. Биыл тағы 5 мыңға жуық орындық 8 нысанды іске қосу жоспарлануда, оның үшеуі салынып бітті. Ал 2026 жылы бұдан бөлек 5 мың орындық 5 жатақхана салу қарастырылып отыр.

Жиынға қатысушылар «Заң мен тәртіп» қағидаты аясындағы жұмыстар, құқықтық жүйені, адами капиталды, туризм мен экологиялық бастамаларды, жастар кәсіпкерлігін дамыту, жұмысшы мамандықтарының мәртебесін көтеру, әділетті Қазақстанды құрудағы жастардың рөлі жайын да қозғады. Жұмыссыздық мәселесін шешу үшін Астанада жастарға арналған кәсіпкерлік және стартап орталықтары жұмыс істеп, «Жастар практикасы», «Жасыл ел», «JOLTAP» жобалары жүзеге асырылуда. Соның арқасында жұмысқа орналасқан жастар қатары артты. Мәселен, «Жасыл ел» бағдарламасы арқылы 5200 жас жұмыспен қамтылды. NEET санатына жататын жастардың үлесі азайып, олар 6,2%-ға дейін кеміді. Волонтерлік, қайырымдылық және экологиялық бастамаларға тартылған жастар үлесі 24% болды. Қазір қалада белсенді түрде жұмыс істеп тұрған 30 жастар ұйымы болса, соның ішінде 10 ұйымның республикалық мәртебесі бар. Олар қаланың қоғамдық өміріне белсене атсалысады. Қазір қаладағы бірде-бір іс-шара волонтерлерсіз өтпейді, бүгінде олардың саны 6 мыңнан асты. Жолдау туралы өзге де қатысушылар пікір білдіріп, студенттердің сұрақтарына жауап берді.

ТЕГІН КЕҢЕС БЕРІЛДІ

1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай Астана қаласы Сарыарқа ауданының Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында арнайы ашық есік күні өтті.

Шапағат ӘБДІР

Іс-шараға Астана қаласы Әділет департаментінің, Нотариаттық палатасының, Жеке сот орындаушылардың өңірлік палатасының және Адвокаттар алқасының өкілдері қатысты.

Олар келген зейнеткерлерге құқықтық, әлеуметтік және қаржылық мәселелер бойынша тегін кеңес беріп, түрлі өмірлік жағдайлар бойынша практикалық көмек көрсетті.

Сонымен қатар іс-шара барысында медицина саласының мамандары да қатысып, егде жастағы азаматтарға денсаулықтарын нығайту жолдары, профилактикалық тексерулер және дұрыс тамақтану бойынша кеңестер ұсынды.

Сарыарқа ауданы бойынша Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының бөлім басшысы Кенжеболат Бапишев мұндай игі бастаманың негізгі мақсаты – зейнеткерлердің өмір сапасын арттырып, оларға әлеуметтік, құқықтық және қаржылық қолдау көрсету, сондай-ақ қоғамдағы белсенділігін сақтауға көмектесу екенін айтты.

«Қарияларымыз – біздің алтын қазынамыз. Біз олардың бейбіт өмір мен жарқын болашақ үшін сіңірген еңбегін ешқашан ұмытпауымыз керек. Қарттар күнінде осындай ашық есік күндерін өткізу арқылы біз олардың өзекті мәселелеріне назар аударып, пайдалы кеңестер мен қажетті ақпарат алуға мүмкіндік туғызып отырмыз» деді ол.



Нұрлан КӨПЕШОВ:

МАҢЫЗДЫСЫ – РЕСУРСТАРДЫҢ САНЫ ЕМЕС, ОЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ САПАСЫ

Соңғы жылдары Астананың энергетикалық жүйесі қаланың өзі сияқты қарқынды дамуда. Жүзеге асырылып жатқан ауқымды жобалар алдағы 10-15 жылға сенімді қор құруға мүмкіндік берді. Сала перспективалары жөнінде қалалық Энергетика басқармасының басшысы Нұрлан КӨПЕШОВПЕН әңгімелестік.

– Нұрлан Маратұлы, соңғы жылдары энергетика саласында қандай ірі жобалар жүзеге асырылды?

– Мен басқарма басшысы болып тағайындалған кезде біз ЖЭО-3-тің бірінші кезегін іске қостық. Биыл оның көмір бөлігін пайдалануға беру жоспарланған. Бұл жылу орталығы елорданың сол жағалауын және оң жағалаудың бір бөлігін – Сарыарқа ауданын жылумен қамтамасыз етеді.

Маңызды оқиға – «Тұран» және «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу стансаларының салынуы және пайдалануға берілуі болды. Биыл біз «Тұран» ГЖС-тің екінші кезегін аяқтап, ірі «Тельман» газ жылу стансасының құрылысын бастаймыз.

Электр желілерінде «Арай» қосалқы стансасының құрылысы аяқталуда, ол Тұран және Ұлы Дала даңғылдарының батысындағы тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды сенімді электрмен қамтуды қамтамасыз етеді.

Алдағы жылдары жеті жаңа қосалқы станса салу жоспарланған, соның ішінде «Қабанбай батыр» құрылысы биыл басталады. Одан кейін «Аңсаған», «Қарлығаш», «Бағыстан», «Наурыз» және «Батығай» салынады. Сонымен қатар «Восточная-2» қосалқы стансасы қайта жаңғыртылады.

Бұл жобалар он мыңдаған тұрғынды, мектептерді, балабақшаларды, медициналық мекемелерді және өнеркәсіптік нысандарды үздіксіз энергиямен қамтамасыз ететін мықты энергетикалық қаңқа құрайды.

Маңызды бағыттың бірі – газдандыру. Өткен жылы елорданың газдандыру деңгейі 75% болды. Жыл соңына дейін біз бұл көрсеткішті 95%-ға жеткізіп, Шұбар, Тельман, Кирпичный алаптарын, сондай-ақ Үркер, Өндірістің бір бөлігін және Казгородок алабын газдандырамыз.

– Осы жобаларды іске асырғаннан кейін қала қандай қосымша қуат алады?

– Бүгінде елорданың электр энергиясын тұтынудың шекті деңгейі шамамен – 920 МВт, жалпы өткізу қабілеті – 1200 МВт. Жаңа қосалқы стансалар салынғаннан кейін бұл көрсеткіш шамамен 1900 МВт-қа жетеді. Мұндай резерв тұтынудың жыл сайынғы өсуін ескере отырып, кемінде 10-15 жылға жетеді. Жылумен қамту бойынша өсім «Тельман» және «Оңтүстік-Батыс» ГЖС құрылысы есебінен шамамен 1500 гигакалорияны құрайды. Мысал үшін: бір ірі тұрғын үй кешені шамамен 3 гигакалория тұтынады. 1500 гигакалория – бұл елорда үшін орасан зор қор. ЖЭО-2-ні заманауи су қыздырғыш қазандықтарды орнату және турбинаны жаңғырту арқылы кеңейту қарастырылған. Сонымен қатар «Тельман» ГЖС құрылысы аяқталуда. Мұның бәрі қаланы энергиямен қамтудың сенімділігін арттырады.

– Инвесторлармен жұмыс жүргізіле ме және МЖС тетіктері қолданыла ма?

– Иә, бұл – біздің жұмысымыздың маңызды бөлігі.

Қалада «инвестицияға айырбасталған тариф» үлгісі бойынша мемлекеттік-жеке серіктестік форматында жобалар жүзеге асырылуда. Бұл туралы бұған дейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқан болатын.

Электр желілеріне инвестиция тарту есебінен «ҚТЖ» ҰК» АҚ ЭЧ-8 тозған желілерін жаңғырту жоспарлануда. Бұл аймаққа Көктал, Кирпичный және Теміржол тұрғын алаптары кіреді. Қаржыландыруды инвестор жүзеге асырады, мемлекеттік бюджет қаражаты пайдаланылмайды.

Осыған ұқсас схема бойынша Үркер, Көктал, Казгородок, Кирпичный тұрғын алаптарын, сондай-ақ Индустриялық паркті газдандыру жұмыстары жүргізілуде.

Инвестор желілерді жаңғыртады және өз шығындарын заңды тұлғалар үшін тариф есебінен өтейді. Бұл ретте халық үшін тарифтер өзгеріссіз қалады.

Мұндай жобаларды іске асыру тұрғын алаптарда энергиямен қамту мен газдандырудың сенімділігін арттыруға, қалалық бюджеттің жүктемесін азайтуға және жеке инвестицияларды тарту есебінен инфрақұрылымды жаңғырту мен құрылыс жұмыстарын жеделдетуге мүмкіндік береді. Осылайша, «инвестицияға айырбасталған тариф» қағидаты бойынша МЖС моделі мемлекет, инвесторлар және халық мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ететін тиімді құрал болып табылады.

Бір ойшыл айтқандай: «Кайдзенді енгізген қоғам дағдарыссыз өзгеруге, төңкеріссіз жетілуге үйренеді». Бұл қағида бізге де жақын: біз біртіндеп, серпіліссіз, күйзеліссіз дамып, елорданың тұрақты дамуын қамтамасыз етуіміз керек.

– Кадр мәселесі қалай шешілуде?

– Энергетикада кадрлық әлеует маңызды. Біз отандық және ресейлік ЖОО-лармен техникалық мамандар даярлау бойынша меморандумдар жасастық. Ынтымақтастық есебінен біздің студенттер 40-50%-ға дейінгі жеңілдікпен оқып, оқуын кәсіпорындардағы тәжірибемен ұштастыра алады. Бұдан бөлек, біз қызметкерлер үшін жағдай жасаймыз: оқу орталықтарын, фитнес-залдар мен медкабинеттер ашамыз. Саладағы техникалық мамандардың орташа жалақысы бүгінде 400-500 мың теңгеге жетеді, бұл жастарды осы саланы таңдауға ынталандырады.

– Сіз басқаратын сала мегаполис өмірінде принципті маңызды, барлық бюджеттік өтінімдер аймақтық басшылық тарапынан қолдау таба ма?

– Энергетика – стратегиялық сала. Астана әкімі Жеңіс Қасымбек әрдайым тіршілікті қамтамасыз ету мәселелерін бірінші орынға қояды: жарық, жылу және су – бұл қаланың өмірлік негізі. Біздің жобаларымыз Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы тарапынан қолдау тауып, қаржыландыру уақтылы бөлінеді.

Бір шетелдік әріптес: «Энергияны иеленген – әлемді иеленеді» деген болатын. Мен әрқашан қызметкерлеріме: біз тек Астанаға ғана емес, бүкіл Қазақстанға жауаптымыз, себебі елордада барлық мемлекеттік органдар, министрліктер, Президент Әкімшілігі орналасқанын айтып отырамын. Біз оларды үздіксіз энергиямен қамту арқылы елдің жұмыс істеуін қамтамасыз етеміз.

– Жаңартылатын энергия жобалары қарастырылып жатыр ма?

– Біз жаңа буын күн батареяларының технологияларын белсенді зерттеп жатырмыз, олар күн сәулесі жеткіліксіз болған жағдайда да жұмыс істей алады. Қаланың ішінде жел электр стансаларын салу экономикалық және техникалық тұрғыдан орынсыз, алайда елорданың шетінде олар сәтті жұмыс істеп тұр. Бұдан бөлек, энергияны тиімді пайдалану және сенімділікті арттыру үшін түрік және қытай компанияларымен аккумуляторлық батареялар орнату бойынша келіссөздер жүргізілуде.

– Энергетика – кадр сыртында қалатын адамдардың еңбегі. Әріптестеріңіздің жұмысын қалай бағалайсыз?

– Бұл, шынымен, ауыр еңбек. Біздің мамандар түнде, аязда, боран кезінде апаттық жұмыстарға шығады. Олар қазандардағы температурасы 550 градусқа дейін жететін жағдайда жұмыс істейді. Сондықтан Мемлекет басшысы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Соңғы үш жылда көптеген әріптестеріміз мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапатталды. Бұл – лайықты мойындау. Мен мұны өз тәжірибемнен білемін, басқармаға тағайындалғанға дейін барлық сатылардан өттім: ЖЭО басқардым, нөсер сулары мен тұрмыстық, сервистік мекемелерде жұмыс істедім. Сондықтан «алдыңғы шепте» жұмыс істеудің қаншалықты қиын екенін және энергетиканы арқалап тұрған адамдарды бағалаудың маңызын жақсы түсінемін.

– Қала шетіндегі тұрғындар жиі желілердің тозуына және жарықтың үзілуіне шағымданады. Бұл неліктен және мәселе қалай шешілуде?

– Ашық айтайын: проблемалар бар және олар күрделі. Қаланың ескі бөліктерінде жылу желілерінің тозу деңгейі – 53,4%, ал кабельдік желілерде 34,2%-ға жетеді. Бұған табиғи факторларды қосыңыз: қатты желдер, дауылдар, жер асты сулары. Мысалы, Үркерде кабель арналары жиі су астында қалады, бұл жарықтың өшуіне әкеледі. Адамдар мұны әкімдіктен көреді, бірақ іс жүзінде бұл ауа райының салдары.

Адам факторы да бар. Жауапсыз құрылысшылар тұрақты қосылыстың орнына «уақытша» қалдырып кетеді, кейін мұндай үйлерде жарық жиі өшеді. Әрине, барлық шағым бізге түседі, бірақ шын мәнінде бұл біздің кінәміз емес.

«Астана-Теплотранзит» АҚ бойынша бүгінгі таңда тозу деңгейі шамамен 53%-ды құрайды. Бірақ біз бұл көрсеткішті төмендету үшін жүйелі түрде жұмыс істейміз: жыл сайын жөндеу жұмыстарын жүргіземіз, инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асырамыз. Соның есебінен тозу біртіндеп азаяды. Астанада жылыту маусымы сегіз айға созылатынын, ал жаз небәрі төрт айға ғана жететінін түсіну керек. Осы төрт айда біз қазандықтарды, жылу трассаларын, қосалқы стансаларды жөндеп үлгеруіміз керек. Кез келген мердігердің кешігуі немесе сапасыз жұмысы мерзімдерге әсер етеді, тұрғындар оны көрмейді, бірақ біз мұндай жағдайлармен үнемі күресіп келеміз.

– Цифрлық шешімдер энергетикада жағдайды өзгерте ала ма?

– Әрине, иә. Шығындар ашықтықтың жоқтығымен тікелей байланысты. Егер барлық желілерді цифрландырсақ, онда әрбір киловатт есепке алынатын жүйе пайда болады. Бүгінде Ascuia жүйесі енгізілді, бірақ болашақта біз процесті автоматтандыруымыз керек: жаңа буын есептегіштері әрбір 10 минут сайын деректерді беретін болады. Бұл адам факторын, кез келген араласу әрекетін болдырмайды және ең бастысы – электр энергиясын ұрлау қаупін барынша азайтады. Менің сенімім – бәрі өзімізге байланысты. Егер біз жауапкершілікпен жұмыс істесек және қала мен елдің игілігін ойласақ, нәтиже сөзсіз болады. Осы тұрғыдан алғанда: «Үнем мәдениеті – адамдар ресурстардың санына емес, оларды пайдалану сапасына мақтанғанда қалыптасады» деген сөз өте орынды. Біз дәл соған, яғни Астананың энергетикасын қуатты ғана емес, сонымен қатар тиімді, заманауи қала талаптарына сай етуге ұмтыламыз.

Сұхбаттасқан
Райхан РАХМЕТОВА







№116 (4860) 02/10/2025 Бейсенбі



АСҚАНҒА – ТОСҚАН

Соңғы кездері әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде «Сергек» арқылы келген айыппұлды өшіріп беремін» деп ақша сұрайтындар көбейіп кетті. Бұл – таза алаяқтық. Өйткені көшедегі камералар жол ережесін бұзған жүргізушіні автоматты түрде тіркеп, айыппұлды ресми базаға енгізеді. Мұндай деректерді ешкім «өшіру» мүмкіндігіне ие емес. Дегенмен, қызметтік бабын пайдаланып, сондай әрекетке барған полиция қызметкеріне қатысты жуырда сот шешімі шықты.

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Шамамен бір ай бұрын Астана қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық соты «қызметтік өкілеттігін теріс пайдаланған» Айдана Қалыбайды кінәлі деп тауып, мемлекеттік қызметте лауазым иелену құқынан өмір бойына айыра отырып, 4 жыл мерзімге бас бостандығын айырды. Сот оның жалғызбасты ана екенін ескеріп, жазасын өтеу мерзімін 2029 жылдың 23 тамызына дейін шегерді. «Егер сотталушы тәрбиелеуден бас тартса, ата-аналық міндеттерін орындаудан жалтарса, сондай-ақ қадағалау органының екі жазбаша ескертуіндегі қоғамдық тәртіпті бұзса, сот осы органның ұсынысы бойынша жазасын өтеуге жіберуге құқылы» деп мәлімдеген болатын сот.

Айта кетейік, Айдана Қалыбай туралы пандемия кезінде 24KZ арнасы тәп-тәуір репортаж берген екен. Онда Айдана өзінің ішкі істер саласына 2013 жылы келгенін, өз еңбегімен капитан дәрежесіне дейін көтерілгенін әрі әкесі де осы салада ұзақ уақыт еңбек еткенін мақтанышпен айтып берген. «Алдағы уақытта тек еліме адал қызмет еткім келеді. Бәріне өз еңбегіммен көтерілгім келеді» деген Айдананың органдағы қызметтік жолы, өкінішке қарай, ерте аяқталды.

«Айдана Қалыбай Астана қалалық полиция департаментінің Әкімшілік полиция бөлімінде жол ережесін бұзған адамдарға айыппұл салып, айыппұлды «шеше алатын» қызметте отырған. Ол Астанада көлікті жалға берумен айналысатын бизнесмен жігіттермен аралас-құралас болып жүрген. Сол компанияның көліктері «Сергек» камералары арқылы миллиондап айыппұл алған екен. Компаниядағы менеджер жігіт Айдана Қалыбайға көліктердің айыппұлдары туралы ақпарат берген. Ол жігітке «жан» деп хат жазған Айдана Қалыбай әлгі айыппұлдарды қарапайым азаматтардың атына аударып отырған» деп жазады журналист Козачков.

Ал соттың мәліметіне сүйенсек, Айдана ісінде 10 адам жәбірленуші деп танылған. Ол мемлекетке 3 681 874 (үш миллион алты жүз сексен бір мың сегіз жүз жетпіс төрт) теңге көлемінде ірі залал келтірген. Үкімге сәйкес, Айдана Қалыбайдан мемлекет кірісіне 408 928 (төрт жүз сегіз мың тоғыз жүз жиырма сегіз) теңге көлемінде іс жүргізу шығындары өндірілді.

Жалпы, айыппұлды алып тастауға уәде еткен кез келген адам – заңсыз әрекетке барушы алаяқ.

Айыппұл тек мына жағдайда ғана жойылуы мүмкін:

- егер ол қате рәсімделген болса (нөмірді дұрыс оқымау, көлік басқа адамға тіркелген болуы және т.б.);
- жүргізуші сот немесе әкімшілік полицияға шағым түсіріп, кінәсіздігін дәлелдесе.

Ал қалған жағдайда кез келген азамат айыппұлды заң бойынша төлеу қажет. Елордалық полицейлер азаматтарды алаяқтарға сенбеуге шақырады. Егер сізден «айыппұлды өшіріп беремін» деп ақша талап етсе, дереу құқық қорғау органдарына хабарласқан дұрыс.

МАЛ ҰРЛАҒАНДАРДЫҢ ЖАЗАСЫН ҚАТАЙТАЙЫҚ

Мал шаруашылығының ішіндегі ең оңайы әрі пайда жағынан тиімдісі – жылқы шаруашылығы. Ауыл адамына оны қорада байлап, астын тазалап әбіржудің қажеті жоқ. Қыстың өзінде тебіндеп-ақ азығын табады. Шығыны аз, етіне сұраныс үлкен, әрі сату бағасы жоғары. Алайда соңғы уақытта ауыл адамдары жылқы өсіруден қашатын болды.

Себебі мал ұрлығы көбейіп, бұл кәсіптің нәпақасы да, берекесі де қашты. Былтырдың өзінде ұрлықтың кесірінен миллиондаған капиталдан әп-сәтте айырылып қалған азаматтардың саны мыңнан асты. Полиция қызметкерлері жоғалған малды барын салып іздестірудің орнына жылқы иесінің өзіне «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 408-бабын, яғни мал бағу ережесін бұздың» деп айыппұл салуға асығады. Нәтижесінде ауыл адамы «жоғалған жылқыны өзім іздеп тапқаным жақсы» деп арыз жазудан бас тартады.

Арыз-шағым жазылғанның өзінде жоғалған мал табылады деген үміт мүлдем жоқ. Жергілікті полицияның басқа да жұмысы бастан асады, қашан болмасын мал іздеуге уақыты жоқ. Арнайы сатып алған дрондарын пайдалануға өтініш жазып, рұқсат алу керек. Процедурасы ұзақ. Төтенше жағдай органдарында бар тіқұшақтарды қолдану тіпті мүмкін емес. Қашан бармасаңыз, жанар-жағар май бітіп қалады. Ең сорақысы, мал ұрлығы бойынша тергеу жұмыстары формалды түрде жүргізіледі. Малдың өлексесі табылмаса да, қозғалған істердің көбі «мал жоғалды» деп жабыла салады.

Біз Қазақстанды аграрлық мемлекет дейміз. Ауылдарды сақтап қалу, ауыл адамдарының әлеуметтік жағдайын жақсарту маңызды дейміз. Бірақ аграрлы елге лайық сервис жоқ. Жылқыны, жалпы мал шаруашылығын барымташылардан қорғайтын жүйелі жұмыс атқарылмайды.

Осыған орай, мынадай ұсыныстарым бар. Біріншіден, Ішкі істер министрлігінің және облыстардағы ішкі істер департаменттердің құрамында мал ұрлығы бойынша арнайы жасақ құрылуы тиіс деп есептейміз. Арнайы жасақ тергеу жұмысын күшейтуі тиіс. Мысалы, жоғалған малдың орнында оның генетикалық материалы алынып, арнайы мәлімет базасы жүргізілуі керек. Жиналған деректі далада табылған өлексемен, құжатсыз сатылған етпен немесе сырғасы жоқ малдың генетикалық материалымен салыстыру арқылы іздестіруге болады.

Екіншіден, мал ұрлығының жазасын қатаңдату керек. Қылмыстық Кодекстің 188-1 бабында мал ұрлығы бойынша қарастырылған «айыппұл салу», «сол мөлшерде түзеу жұмыстарына салу» немесе «бас бостандығын шектеу» сияқты санкцияларды тым «жұмсақ» деп санаймын әрі оларды алып тастау керек. Біреудің жылдар бойы адал еңбекпен өсірген малын ұрлау тек абақтыға жабу арқылы жазалануы тиіс.

Үшіншіден, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің егістіктерді таптауға қатысты 147-бабын қайта қарастыру қажет. Қазіргі таңда ауыл маңында мыңдаған гектар жер алып алған латифундистер осы норманы пайдаланып, ауыл адамдарының малдарын қораға қамап қоюда. Қамалған малдың ары қарай жоғалып кетпеуіне кім кепіл? Онымен қоса барымташылар осы норманы пайдаланып, өздері ұрлаған малды «егістікке түскен еді, сондықтан оларды қамап қойып едім» деп жауапкершіліктен құтылып кетіп жатыр. Осылай ғана мал ұрлығын түбімен жоюға болады деп есептеймін.



Анас БАҚҚОЖАЕВ,
Мәжіліс депутаты

ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ КӨРМЕСІ

Елордадағы «Керуен» сауда орталығында ішкі істер органдары қызметкерлеріне арналған «Заң мен тәртіп» фотокөрмесі ұйымдастырылды.

Экспозицияға полиция қызметінің сан қырын көрсететін ерекше суреттер қойылды. Көрмеге қойылған фотоларда қоғамдық тәртіпті сақтау, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жедел іс-шаралар мен халықпен күнделікті қарым-қатынас сәттері бейнеленген.

Көрме барысында полиция қызметкерлері әр фотосуретті түсіндіріп, оның нақты жағдайда қалай түсірілгенін баяндады. Ерлік көрсеткен тәртіп сақшыларының оқиғалары да айтылып, олардың батылдығы мен адалдығы көрермендерге үлгі ретінде ұсынылды.

«Бүгін Астана қаласы Полиция департаменті қоғамдағы тұрақтылық пен қауіпсіздіктің негізі болып табылатын «Заң мен тәртіп» қағидатын насихаттап, полицияның оң имиджін қалыптастыруға бағытталған маңызды іс-шара өткізуде. Іс-шара аясында елордалық полиция қызметінің сан қырын ашатын фотокөрме ұйымдастырылды.



Әрбір сурет – жай ғана бейне емес. Оның артында қызметкерлердің кәсібилігі мен күнделікті еңбегі жатыр. Сонымен қатар, қызметтік міндетін атқару барысында ерлік көрсеткен полицейлердің еңбегіне ерекше назар аударылды. Бұл оқиғалар – қала тұрғындарының қауіпсіз әрі тыныш өмірінің артында мыңдаған маманның тәулік бойы атқарып жүрген еңбегі тұрғанын еске салатын маңызды белгі» деді Астана қаласы ПД баспасөз қызметінің бастығы Эльмира Шауленова.

Фотокөрме қала тұрғындары мен қонақтарына ашық формата өтті. Келушілер батылдық пен жауапкершіліктің шынайы сәттерін тамашалап, полиция қызметкерлерінің жұмысына жақынырақ көз жеткізді.

Елордада киберқылмысқа қарсы іс-қимылға арналған халықаралық конференция өтті. Конференцияны ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Бауыржан Әленов ашты. Өз сөзінде ол киберқылмысқа, әсіресе интернет-алаяқтыққа қарсы күрес халықаралық деңгейдегі маңызды міндет екендігін атап өтті.

КИБЕРҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ КҮШ КЕРЕК

«Киберқылмыс – қазіргі қоғамның негізгі мәселелерінің бірі. Ол шекара талғамайды, өзгерістерге тез бейімделеді және оған қарсы күресте бірлескен күш-жігерді талап етеді. Біз тек халықаралық ынтымақтастық пен тәжірибе алмасу арқылы ғана азаматтарымызды, әсіресе балаларды, цифрлық кеңістікте тиімді қорғай аламыз. Бұл Мемлекет басшысының жасанды интеллект пен елдің цифрлық трансформациясын дамыту жөніндегі тапсырмалары, сондай-ақ жаңа қылмыс түрлеріне қарсы іс-қимылды күшейту бойынша Ішкі істер министрінің бастамалары аясында ерекше өзекті» деп атап өтті Бауыржан Әленов.

Конференцияға 18-ден астам мемлекеттің өкілдері, атап айтқанда, киберполиция қызметкерлері мен мемлекеттік органдардың мамандары, халықаралық ұйымдар қатысты. Іс-шара барысында киберқауіпсіздік саласындағы заманауи сын-тегеуріндер мен киберқатерлерге қарсы іс-қимылдың тиімді ортақ шешімдері, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын қорғау мәселелері талқыланды.



Панельдік сессия мен пікірталас аясында халықаралық ынтымақтастық, жедел ақпарат алмасу, салалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру, қылмыстарды ашуда инновациялық технологияларды қолдану, сондай-ақ халықтың цифрлық сауаттылығын арттыруға бағытталған ағартушылық және профилактикалық бастамалар кеңінен талқыланды.

ӘДІЛЕТ ЖОЛЫ – АР ЖОЛЫ



Отандық сот саласында есімі құрметпен аталатын, ерекше еңбек жолымен дараланған заңгер тұлғалардың бірі – Нұрсерік Кәрімұлы Шәріпов. Биыл ол асқаралы 60 жасқа толып отыр. Бұл – бір адамның ғана емес, тәуелсіздік жылдарындағы еліміздің сот жүйесінің дамуына арналған адал қызметтің белесі.

ТҰЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ НЕГІЗІ

Ұлы Абайдың жетінші қара сөзінде «Жас бала екі түрлі құмарлықпен туады: біреуі – тән құмары, екіншісі – жан құмары» деп, баланың дүниені тануға деген ұмтылысын сипаттайды. Осы жан құмарлығы – «білсем екен, көрсем екен» дейтін ізденіс – Нұрсерік Кәрімұлының бойынан ерте байқалған. Адамның болмысын, мінезін, тағдырын қалыптастыратын оның жан дүниесі десек, онда тұлғаның тамыры тектілікте екені даусыз.

Ол С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетінде білім алды. Студент кезінде-ақ комсомол ұйымының хатшысы қызметін атқарып, кейіннен ұстаздықпен ұштастырып үлгерді. Табиғатынан алғыр, шешен, ұйымшыл болмысы оны көпшілік ортасынан ерекшелеп тұрды. Осы қасиеттері оны ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, дауылпаз ақын Қадыр Мырзалиевтің көмекшісі қызметіне дейін жеткізді. Олардың арасындағы қарым-қатынас ағалық-інілікке ұласып, өмірінің соңына дейін жалғасты.

Кейіпкеріміздің бойында Қадыр ағасындай ақындық қабілет те бар. Қазақша да, орысша да суырып салып өлең шығаратын өнері оның шығармашылық қабілетін айғақтай түседі. Бұл өнер, бәлкім, нағашысы Иса Байзақовтан да дарыған шығар.

КӘСІБИ ЖОЛДЫҢ БАСТАУЫ

Оны Президент Әкімшілігіне қызметке шақырған болатын. Көп ұзамай 1992 жылдың күзінде Президент Аппаратының және Министрлер кабинетінің азаматтық және рақымшылық жасау жөніндегі бөлімінің референті, 1995 жылдың наурыз айынан Президент Аппаратында рақымшылық жасау бөлімінің аға референті қызметіне тағайындалды. Сол уақытта Нұрекең Президент Аппаратының ең жас қызметкері атанды. Кейіннен бұл тәжірибе оны сот саласына алып келді. 1995 жылдан 2007 жылға дейін Алматы қаласының Медеу ауданы (бұрынғы Фрунзе ауданы) сотының судьясы қызметін атқарды. 2007 жылдан 2008 жылға дейін Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы болды. Сол кезде Алматыда адвокаттар арасында «Шәріповтің шешімінде мін болмайды» деген пікір қалыптасты. Оны талай құлағымыз шалды.

ҮЛКЕН СЕНІМ ЖӘНЕ ЖАУАПТЫ МІНДЕТ

Кәсібилігі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында Нұрсерік Кәрімұлы 2008 жылдан 2010 жылға дейін Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы, 2010 жылдан 2012 жылға дейін Маңғыстау облыстық сотының апелляциялық сот алқасының төрағасы болды. Экономикалық өсіммен қатар әлеуметтік түйткілдер ушығып тұрған кезде «Жаңаөзен оқиғасының» кейбір құқықтық мәселелерін шешуге белсене араласты. Кейін Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы қызметіне тағайындалды. Бұл кезең Нұрекеңнің кәсіби кемелдену кезеңі болды. Құрылысы тоқтап тұрған облыстық сот ғимаратын толықтай аяқтап, Шымкенттегі көрнекті әкімшілік ғимараттардың біріне айналдырды.

> Нұрсерік Кәрімұлы заңгерлік қызметтің қиын әрі жауапты саласында адал еңбек етіп келеді. Бұл – ел мүддесін, адам құқығын қорғайтын аса жауапты саланың алдыңғы шебінде жүр деген сөз. Сот саласындағы сіңірген еңбегі мен адалдығы еленіп, «Парасат», «Құрмет» ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін», «Мінсіз қызметі үшін» медальдарымен, «Үш би» құрмет белгісімен және өзге де ведомстволық, мерекелік төсбелгілермен марапатталған. «Құрметті заңгер» атағына ие болған

Ол саламатты өмір салтын ұстанып, ұлттық һәм рухани құндылықтарға ерекше ықыласпен қарайды. Түркістан, Қазығұрт секілді киелі жерлерге веломарафондар ұйымдастырып, жастарға үлгі-өнеге көрсетті. Жетімдер үйіне тұрақты көмек көрсетуі де – оның адами болмысының бір қыры.

РЕФОРМА МЕН ТЫҢ БАСТАМАЛАР

Нұрсерік Шәріпов 2017 жылдан 2018 жылға дейін Жоғарғы соттың жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің басшысы қызметін атқарды. Еліміздегі сот жүйесін цифрландыру бағытында үлкен еңбек атқарды. Нәтижесінде Қазақстан Республикасы сот саласындағы цифрландыру қызметі бойынша әлемдегі дамыған бес мемлекеттің қатарына кіреді. Нұрекеңнің тың бастамаларын қолдаған Мемлекет басшысы 2018 жылы еліміздегі индустриялық аймақ – Қарағанды облыстық сотының төрағасы қызметіне тағайындады. Мұнда да сот саласына серпін беріп, облыстық соттың жаңа ғимаратын салдырды. Ғимарат алдына қазақтың үш биінің ескерткішін орнатып, сот қызметкерлеріне арналған мұражай ашты. Сонымен қатар Теміртау қаласында фронт-офис іске қосылып, аудандық соттардың ғимараттары жаңарды.

Нұрекең қай өңірде қызмет етсе де, ел зиялыларымен етене араласып, мәдени-рухани бастамаларға дем беріп отырды.

БҮГІНГІ БЕЛЕС

2022 жылғы 31 қаңтардағы Президент Жарлығымен Нұрсерік Кәрімұлы Жоғарғы соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы қызметіне тағайындалды. Бұл кезең еліміздегі «Қаңтар оқиғасымен» тұспа-тұс келді. Елдегі заң мен тәртіпті және әділеттілікті қалыптастыруда, биліктің үш тармағының бірі ретінде барлық конституциялық реформаны жүзеге асыруда сот жүйесінің еңбегі ерекше екенін де атап өткен жөн.

Нұрсерік Кәрімұлы заңгерлік қызметтің қиын әрі жауапты саласында адал еңбек етіп келеді. Бұл – ел мүддесін, адам құқығын қорғайтын аса жауапты саланың алдыңғы шебінде жүр деген сөз. Сот саласындағы сіңірген еңбегі мен адалдығы еленіп, «Парасат», «Құрмет» ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін», «Мінсіз қызметі үшін» медальдарымен, «Үш би» құрмет белгісімен және өзге де ведомстволық, мерекелік төсбелгілермен марапатталған. «Құрметті заңгер» атағына ие болған.

Жас мамандарға тәлім беріп, келешегінен үміт күттіретін жастардың жолын ашуы – оның тағы бір ұлағатты ісі.

Нұрсерік Кәрімұлы – өз ісін жантәнімен сүйетін, заң алдындағы әділеттілікті ар-ұжданымен ұштастыра білген тұлға. Қызметте ғана емес, өмірде де парасатты, әділетті, адамгершілік биігінен түспеген азамат. Қай ортада жүрсе де, үлкенмен де, кішімен де тең дәрежеде сөйлесіп, ел құрметіне бөленуі – оның болмысының шынайы көрінісі.

Дана халқымыз айтқандай, «Жақсы ай мен күндей – әлемге бірдей». Әділет жолын ар жолымен сабақтастырған ардақты азамат бүгінде өнегелі әке, сүйікті жар, немерелерінің қамқор атасы ретінде де ел алдында абыройлы.

Зұлфухар ҒАЙЫПОВ,
саяси ғылымдар докторы,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы,
Ұлттық құрылтай мүшесі

Ұлы көштің арқасында, «Төртеу түгел болса төбедегі келеді» деп дана халқымыз айтқандай, алты алаш азаматтарының басы жаңа елорда – Астана қаласында бірікті. Мен еліміздің ардақты азаматы, Қазақстанның еңбек сіңірген байланысшысы, Ұлттық инженерлік академияның академигі, республикалық «Көкпар» ассоциациясының алғашқы төрағасы Болатбек Өтегенұлы Қанафинмен сол бір естен кетпейтін ерекше кезде, жастық шақтың от жалын жүрегімен ел үшін жарғақ құлағымыз жастыққа тимей қарымды жұмыстарды, ұлтқа қажетті жобаларды бірінен кейін бірін жүзеге асырып, жұрт игілігіне жаратып жүргенде таныстым.

КӨКПАРДЫҢ КӨРІГІН ҚЫЗДЫРҒАН



«Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше». Біздің таныстығымыз достыққа және адами сыйластыққа ұласты. Болатбек Өтегенұлы 1955 жылдың 1 қазаны күні Ұлытау өңіріндегі атақты Қарсақпай елді мекенінде дүниеге келген. Қарсақпай кентінің іргетасы 1911 жылы Аша қонысында қаланған. Қарсақпайда Қазақстандағы түсті металлургияның тұңғышы – мыс қорыту зауыты салынған. Бұл жерде халқымыздың ұлы перзенті, ғұлама ғалым, Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті Қаныш Сәтбаев нәтижелі қызмет істеген.

Аталарымыз «Тектіден текті туады. Тектілік тұқым қуады» деген. Болатбек Қанафин – текті тұқымнан шыққан парасатты азамат. Әкесінің әкесі, ұлы атасы Тұржан елдің мүддесін қорғағаны үшін жазықсыздан-жазықсыз репрессияға ұшырап, Қарағандының ГУЛАГ лагерінде азапты күндерді бастан кешкен. Әкесі Өтеген Тұржанұлы Қостанай облысының Қарабалық ауданының балалар үйінде тәрбиеленген. Болатбектің анасы Шәмшия апай – Қарағанды облысы Жезді ауданы «Ұлытау» совхозының атақты директоры Сұлтанбек Нүркеевтің қызы. Болатбек Өтегенұлы – сүйікті жан-жары Гүлнәр Олжабайқызымен ұлдары Байжан мен Мұратты ұяға, қызы Әйгерімді қияға қондырып, олардан немере-жиен сүйіп отырған бақытты жандар.

1978 жылы Болатбек Қанафин Ташкент электротехника байланысы институтын тәмамдап, «радиобайланыс және радиотарату инженері» мамандығының иесі атанды. Еңбек жолын 1978 жылы Жезқазған қаласық Орбита спутниктік теледидар станциясының қатардағы инженері болудан бастады. Жоғары оқу орнынан алған білімнің, ізденіс пен еңбекке деген құлшыныстың нәтижесінде жас маман аз мерзім ішінде қыруар шаруа тындырып, ұжымның құрметіне бөленді. Ол қатардағы инженерден Жезқазған қалалық радиотелевизия станциясының басшысы, «Астанателекомның», Батыс Қазақстан облыстық телекоммуникациясының бас директоры және «Қазтелеком» АҚ басшыларының бірі лауазымды қызметіне дейін өсті. Байланыс саласында қажымай-талмай атқарған қызметіне сай «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Қазақстанның еңбек сіңірген байланысшысы» атағымен марапатталды.

«Жігітте де жігіт бар, Азаматы бір бөлек, Жылқыда да жылқы бар, Қазанаты бір бөлек». Ол – сегіз қырлы, бір сырлы жігіт. Оған айғақ – Ұлы дала мәдениетінің темірқазығы саналатын ұлттық ат ойындарының, әсіресе көкпардың дамуына, өсіп-өрлеуіне қосқан зор үлесі.

> Болатбек республикалық «Көкпар» ассоциациясының жұмысына білекті түріп, белді буып, асқан жауапкершілікпен кірісті. Ең алдымен «Көкпар» ассоциациясының жарғысын жазып, оны Әділет министрлігінен тіркеуден өткізді. «Көкпар» федерациясының филиалдарын ашуды қолға алды

Болатбек республикалық «Көкпар» ассоциациясының жұмысына білекті түріп, белді буып, асқан жауапкершілікпен кірісті. Ең алдымен «Көкпар» ассоциациясының жарғысын жазып, оны Әділет министрлігінен тіркеуден өткізді. «Көкпар» федерациясының филиалдарын ашуды қолға алды. Мен де өз тарапымнан 10-нан астам облыстық филиалды ашуға тікелей атсалыстым. Сосын Болатбек Өтегенұлы көкпар дейтін спорт түрінің ережесін заман талабына сай жетілдіріп, кітапша ретінде баспаханадан басып шығарды. Осыларға жұмсалған қаражатты өз қалтасынан шығарды. Болатбектің бастауымен, біздің қолдауымызбен көкпардан бірінші республикалық чемпионат өтті. Ассоциацияның ықпалымен көкпар жарысын қазақ телевизиясынан көрсету қолға алынды. Жер-жерде көкпар турнирі жиі-жиі өтіп, жанкүйерлер қатары күннен-күнге өсті.

Қалың оқырмандар мен атбегілердің, көкпаршылардың атынан ұлттық спорт түрлері, оның ішінде көкпардың дамуына ерекше үлес қосқан абзал азамат, белгілі меценат, ұлттық құндылықтардың қолдаушысы, жанашыры, республикалық «Көкпар» ассоциациясының алғашқы төрағасы Болатбек Өтегенұлын 70 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Сәдібек ТҮГЕЛ,
ҚР Ұлттық ат спорты федерациясының президенті,
жазушы-публицист

№116 (4860) 02/10/2025 Бейсенбі

Эстрада әншісі Гүлнұр Оразымбетова елге танытқан әннің сөзімен айтқанда, «Қорқыт бабамыздан қалған» киелі қобыз аспабының ғасырлар қойнауында шаң басып жатпай, біздің заманға аман-есен жетуіне, бүгінгі өрістеуіне үлкен үлес қосқан адамдар қатарында Жаппас Қаламбаев пен Дәулет Мықтыбаев есімдерін атаймыз. Атақты қобызшылар өткен ғасырдың 60-70-жылдары Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясында (қазіргі Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы) қобыз сыныбының негізін қалап, бірінен кейін бірі сабақ берді. Осылайша өздерінің ізін басқан шәкірттерді дайындап, қобыздың ел ішінде ғана қалып қоймай, академиялық, кәсіби деңгейге жетуіне ерен еңбек сіңірді.

АТАҚТЫ ҚОБЫЗШЫ НЕГЕ АТАЛМАЙДЫ?

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Қазақ үшін қымбат қобыз аспабының көктегі құстай еркін қалықтауына жағдай жасаған осындай азаматтардың аттарын елдің есінде мәңгі қалдыру ісі қай деңгейде? Бұл мақалада осы мәселені қозғамақпыз. Жаппас Қаламбаев туралы әңгіме кейінірек айтыла жатар, бұл жолы Дәулет Мықтыбаевтың өмірі мен өнеріне тоқталамыз. Оған себеп те бар. Жуырда Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерт ұйымының «Халық қазынасы» ұлттық өнер орталығы Дәулет Мықтыбаевтың 120 жылдығына арналған «Қобызшылар шеруі» атты дәстүрлі өнер кешін ұсынды. Ақмола облысы Қорғалжын ауданының әкімдігі мен Сәкен Сейфуллин атындағы қоғамдық қордың қолдауымен өткен кешке Астанадағы, Алматы мен Қарағанды қалаларындағы танымал қобызшылар жиналып, ұлттық музыка өнерінің інжу-маржанын дәріптеп, мәдени мұрамыздың рухани тереңдігін паш етті. Шындығын айтқанда, Дәулет Мықтыбаевтың мерейтойына орай елордада қобыз фестивалін немесе қобызшылар байқауын өткізуге болар еді...



> Дәулет Мықтыбаевтың бойында қазақтың ғасырлар бойы қобыз тарту дәстүрі кәсіби түрде қалыптасқан. Ол қазақ өнері тарихынан үлкен орын алып, ұлы дәстүрді біздің заманымызға өзгертпей жеткізіп, қобызды өзінен кейінгі ұрпаққа табыстап кетті

Басылымымызда осыдан ширек ғасырдай бұрын «Қобызшы Дәулет Мықтыбаев» атты мақала («Астана ақшамы», 2001 жыл, 6 ақпан, №16 (861) жарық көрді. Сонда авторы Сағат Ошақбаев «...Арқа төсі өнер саңлақтарынан кенде болып көрген емес. Дала құшағын әуелеген ән мен күмбірлеген күйге бөлеген Мәди, Баluан Шолақ, Ақан сері, Ықылас секілді табиғи дарындар ұлттық өнеріміздің қорына асыл мұраларын қалдырды. Өнер құдіретімен ғана тыныстаған Дәулет Мықтыбаев – сол асылдардың өлшеусіз өнерін бүгінгі ұрпаққа жеткізуші ғажайып өнер иесі. Өткен ғасырдың 60-жылдарының аяғында, қобыз өнері кенжелеп қалған тұста Дәулет сияқты тума таланттар киелі өнердің мүлдем өшіп кетпеуіне бірден-бір себепші болғаны айдан анық... Осы орайда халық өнерін насихаттауда ерекше еңбек сіңірген атақты қобызшы Дәулет Мықтыбаевтың атымен бір көше аталса, нұр үстіне нұр болар еді... Дәулет Мықтыбаев атындағы қобызшылар конкурсы ұйымдастырылса, Астана мәдениеті тағы бір қырынан гүлдене түсері сөзсіз» деп жазды. Өкініштісі, бұл сөз сол уақытта еленбеді. Мақала авторының ұсыныстары әлі де өзекті, елордада Дәулет Мықтыбаевтың атына көше күні бүгінге дейін берілмеді.

Қобызшы ұстаздың ұлттық өнердің қанат жаюына қосқан үлесі өз алдына, ол – осы Ақмола өңірінің тумасы. Қорғалжын жеріне кіндік қаны тамған өрелі өнерпаз қобызға бала кезінен құмар болды. Соны байқаған әкесі Әупік әйгілі қобызшы Ықылас Дүкенұлының бел баласы Түсіпті үйіне қона жатқызып, Дәулетті қобыз тартуға үйреткізеді. Екі айға жуық уақытта Дәулет қобызды еркін меңгереді. Бұл жайында белгілі күйші, музыка зерттеушісі Уәли Бекенов өзінің «Күй табиғаты» атты кітабында жазып кетті. Сонда Дәулет Ықыластың «Кер толғау», «Тоғыз тарау», «Қорқыт» күйлерін, кейінірек Ықыластың шәкірті Әбікей Тоқтамысұлынан дәріс алып, «Ерден» күйін үйренеді.

Дәулет Мықтыбаев 1933 жылы Қарағанды облыстық радиокомитетінде еңбек етті. 1937 жылы Қарағанды филармониясына ауысты. Осы жерден Алматыға шақырылды. Қазақ филармониясына қызметке қабылданды. Ұлы Отан соғысы жылдары майдан даласында өнерімен жауынгерлерге рух берді. «Қазақконцерт» ұйымы құрылғанда жеке қобызшы болды. Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясында қобыз сыныбын оқу орнының сол кездегі ректоры, көрнекті композитор Еркеғали Рахмадиев ашқан еді. Оқытушылыққа алдымен Жаппас Қаламбаевты, ол өмірден өткен соң Дәулет Мықтыбаевты шақырды. Қаламбаевтан қалған 6 студентті Дәулет Әупікұлы оқытып шығарды. Сол шәкірттерінің бірі – белгілі қобызшы, ұстаз Базархан Қосбасаров.

«Дәулет Мықтыбаевтың бойында қазақтың ғасырлар бойы қобыз тарту дәстүрі кәсіби түрде қалыптасқан. Ол қазақ өнері тарихынан үлкен орын алып, ұлы дәстүрді біздің заманымызға өзгертпей жеткізіп, қобызды өзінен кейінгі ұрпаққа табыстап кетті» дейді Базархан Әбуұлы.

Дәулет Мықтыбаев қазақ кино өнерінде де айшықты ізін қалдырды. «Құлагер» фильмінде бақсы бейнесін сомдаса, «Қыз Жібекте» Нұрғиса Тілендиевпен қосылып, Ықыластың «Аққу» күйін орындап, аспандағы құсты көлге қондырды. Бүгінде Қазақ радиосы мен «Қазақстан» телеарнасының «Алтын қорында» оның орындауында күйлер сақтаулы.

Бүгінде Жаппас Қаламбаев пен Дәулет Мықтыбаевтан қалған өнерді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Раушан Оразбай, Жанқаш Жұмабеков, Саян Ақмолда, Жанар Жүсіпова сынды белгілі қобызшылар, Ақерке Тәжібаева секілді жастар жалғастырып жатыр. Олардың бәрі де «Қазақконцерттің» «Қобызшылар шеруі» концертіне қатысты. Елордадағы «Күйшілер» аллеясында қазақ халқының күйшілері мен композиторларының есімі қашалған белгітас бар. Оған Дәулет Мықтыбаевтың да аты жазылған. Енді қобызшының атына бас қаладан көше берілгені дұрыс. Елордадағы музыка мектебі немесе өнер мектептерінің біріне есімі берілсе де артық емес. Қазақ атамыз «Тыңдалмаған сөз жетім» дейді. Осыдан ширек ғасыр бұрынғы әріптес ағамыз Сағат Ошақбаевтың және біздің осы сөзіміз жетім қалмайды деп сенеміз.

КЕЛЕШЕКТІҢ ТІЛІ

Әлемдік аренада еліміздің әлеуетін көрсету үшін келешекке бірқатар жоспар құрдық. Жаһанға «қазақтың имиджін» көрсетіп, тәнті етуді армандаймыз. Болашақтың кілті – жастардың қолында. Мәдениетіміз, еліміз, ұлттық кодымыз өскелең ұрпақпен бірге жетіліп, бойына сіңісуі керек дейміз. Қазіргі күні трендтен қалмай, брендке қол созған бүлдіршін балалардың өзі цифрлық дәуірге етене араласып кетті. Батыстан жаңа көзқарастардың жақындап жатқаны өркениетімізге өзгерістер енгізуде.



Тілімізге мақалды тиек етіп, көркем әрі әуезді сөйлеуді қазақы болмысқа тән деп таныдық. Бұл бәрімізге ортақ қасиет еді. Ырғақты дыбысты тыңдаған құлақтың құрышы қанып, назарын сыртқа аударбай ұйып тыңдайды. Шешендік өнеріміз күллі Азия халықтарын тәнті еткен. Заман аңғарымен астасып, бірге жұтылып бара жатқан тіл көркемдігі құндылығын жоғалта бастаған секілді. Көнерген сөздерді қолданысқа қайта енгіземіз деп жүргенде келешектің тілі күрделеніп барады.

Ауызекі сөйлеуде шашасына шаң жұқпаған дала ділмарлары шешендіктің шыңына жетті. Қазіргі күні тілі шұрайлы жастарды жолықтыру қиынның қиыны болды. Олар кітаптан алыстап, әлеуметтік желідегі қысқа әрі құрғақ баяндамаларға бас ұрып бітті. Көргеніне еліктеп, ісін жасап, айтқанын қайталап бағып жүр. Десе де технологияның тілін тауып, шарайнада шарықтап жатқанын жоққа шығара алмаймыз. Сөйлеу әдебіндегі шикіліктер алдағы уақытта шыңдалуды талап етіп тұр.

Тіл мамандары мен өнер адамдары тіл тазалығын сақтау үшін барын салып жүр. Неологизм, жаргон, сленг және интернационалды сөздер қарым-қатынас құралының басты тетігі болып тұр. Ұлттың ұлт екенін айқындайтын басты негіздің бірі ана тілі емес пе?! Заман заулап, уақыт өткен сайын адамзат дамуының ақыры айшықтала бастаған секілді. Карл Маркс пен Фридрих Энгельстің теориялық тұжырымдары іс жүзінде орындалатындай көрінеді. Олар айтқан адамзаттың эволюциялық шарықтау шегі мемлекетсіз, бірақ жер жүзіндегі бүкіл халықтың бір қоғамға бірігуімен аяқталады. Жер-жаһандағы күллі халықтың бір ғана тілге икемделуі жоғарыдағы өзгерістің бастауы сияқты.

Жастарға жат жұртпен қарым-қатынас жасау қиындық тудырмайтын болды. Олармен байланыс құруға бейімделген ой мен ұғынықты тіл бар. Әлемдегі қауқары күшті ағылшын тілінің сөздігі қолданыстан тыс қалған емес. Технологиямен қатар сөздік қорымызға термин сөздер екпіндеп еніп келді. Бұл тек кәсіпте емес, күнделікті тұрмыста айтылатын қалыпты әңгімеге айналған. Соның салдарынан топ пен екеуара сөйлесіп жатқан жастардың ортасынан шұбарланған ала сөз шығады.

Қазақ тілі өзгелерден табиғилығымен де ерекшеленеді. Қай жерде қолданамын десең де шектеу жоқ. Бұрқырап қайнап жатқан бір өзек шалқар теңізді толтырып жатқан секілді. Қазақ тілінің байлығын көрсететін керемет сөздік қор бар. Өкініштісі сол, сөздеріміз орынды қолданылып жатқан жоқ. Керісінше, өзге елдің сөздерін сұрыптамай енгізіп жатыр. Ақ-қарасын айырып жатқан жан жоқтың қасы. Тілімізді тірі организм ретінде қарасақ, өзгелерден ата тегімізде болмаған вирустарды жұқтырып жатқандаймыз. Жас буын қашан да әлсіз. Көргенін бірден сіңіреді. Кейбіріне «қазақ тілінде неге сөйлемейсің?!» дегенде: «ыңғайсыз» деп тартынатынын қайтпексің...

Айтылған уақытта құлаққа түрпідей тиетін ұғынықсыз сөздердің әсері көп. Жадымызда жатталып, ізгілік пен іздеттіліктің, сыпайы әрі көркем сөйлеудің ізін өшіріп, дөрекілікке үндеп жатқан сыңайлы. Мәселен, ауыздан түспейтін мынадай мысалдарды тізбектейін: сымбатты – «краш»; рас айтамын – «рили»; ең үздік, керемет – «топ»; қалжың, әзіл – «рофл»; қабілет, мүмкіндік – «скилл». Осы тектес сөздерді естігенде жанымның дегбірі қашады. Көзге елестейтін бейнелі әрі жанды сөздеріміз тарих сахнасында қолданыстан шығып, көнерген сөздердің қатарына енеді ме деп қорқамын.

Үрейдің болуы – заңды құбылыс. Әр заманда өзге ұлттың ықпалымен тілімізге бірталай сөздерді енгіздік. Соның ішінде араб, парсы, моңғол және кеңес өкіметінен кірме сөздік бар. Дегенмен өз тіліміз-ге икемдеп, жатық қылып өзгертіп алдық. Қазіргі сөздерді тап солай неге өзгертпейміз? Мейлі, өзгеріссіз қолданайық. «Жаңашыл» қоғамдағы жаңа сөздік өткеннің ізін өшіріп тастамаса болғаны...

Жоғары оқу орындарында, тіпті мектепте жасанды интеллектіні қолданбайтындар аз. Тапсырма түссе болды, ChatGPT-ға бұйрық бере жөнеледі. Бірақ сөйлеу тіліндегі кемшін тұстарды байқап жатқан жоқ. Сол қалыпқа өздері түсе бастады. ChatGPT қазақ тілінде табиғи сөйлей алмайды, қолданыс аясы тар. Орыс тілінен аудармалар ұзын-сонар мәтінмен ағылып келіп жатады. Алпауыт елдердегідей жасанды интеллект қазақ тілінде сөйлесін десек, әуелі өзімізді дұрыстағанымыз абзал. Әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында ана тіліміздегі контенттерді көбейткеніміз жөн. Өзгелерден жат сөзді жұта бермей, сыртқа шығарып үйренгеніміз абзал. Сонда жаһан қолданысындағы жасанды интеллект қазақ тіліндегі пәрменді түсінеді.

P.S: ***Қазақ тілінің келешегі – бүгінгі ұрпақтың таңдауында. Біз тілді қалай қолдансақ, ертеңгі күні ол да бізге солай қызмет етеді. Тілдің бүлінуі сыртқы әсерден емес, өз ішіміздегі немқұрайдылықтан басталады. «Заманауи боламыз» деп шетелдік жаргонды қусақ неміз қалады? Ана тіліміздің шұбарлануына жол бермей, өзгелерге дәріптеуді үйренейік. Келешекте қазақ тілі көркеюі үшін қамсыздық танытпайық. Шын мәнінде, тілдің қадірін арттыратын да, оны болашаққа жеткізетін де – қарапайым адамдардың күнделікті таңдауы. Таңдауымыздан жаңылып қалмайық!***

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

№116 (4860) 02/10/2025 Бейсенбі

ҒАСЫРЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫСТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ



Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Біздің ғасырдағы ең күрделі әрі шиеленісі шешілмеген геосаяси түйін – Палестина мәселесі. Бұл – тек бір халықтың бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресі ғана емес, Таяу Шығыстағы және жалпы әлемдік саясаттағы тұрақтылыққа тікелей әсер ететін жаһандық мәселе. Әсіресе Газа секторының қазіргі жағдайы бүкіл әлемді алаңдатып отыр. Бейбіт тұрғындардың қырылуы, азық-түлік пен дәрі-дәрмек тапшылығы, ауруханалар мен инфрақұрылымның қирауы халықаралық құқықтың қауқарсыздығын және әлем елдерінің әділетті шешімге деген саяси ерік-жігерінің әлсіздігін ашып көрсетті.

ХАМАС ГАЗАҒА АПАТТЫ ӨЗІ ШАҚЫРДЫ

Бір ғасыр бойы қантөгістен, атыс-шабыстан көз ашпай келе жатқан Газа аумағының жағдайы 2023 жылы 7 қазаннан кейін тіпті ушыға түсті. ХАМАС «әл-Ақса дауылы» операциясын бастап, Израиль аумағына мыңдаған зымыран ұшырды әрі шекарадағы бөгеттерді бұзып өтіп, 200-ден астам адамды кепілге алды. Израильдің соңғы мәліметі бойынша ХАМАС-тың сол реткі шабуылынан Израильде шамамен 1,2 мың адам қаза тапты. Израиль тарихындағы ең ірі және ең күтпеген шабуылдардың бірі болған бұл оқиға Тель-Авивтің «Темір қылыш» атты қарсы операциясын бастауына мұрындық болды. Нәтижесінде Газа жермен-жексен болып, неше миллион адамның барар жер, басар тауы қалмай босып кетті, 65000-нан астам бейбіт тұрғын қаза тапты. Жүз мың адам жараланды. Гуманитарлық апат салдарынан 425 адам аштықтан көз жұмды. Арада Израиль мен ХАМАС уақытша келісімге келіп, ХАМАС кепілге алған адамдардың біразын босатқанмен, көп өтпей келісім бұзылып, соғыс қайта басталды. ХАМАС-тың қолындағы 40-қа жуық адамның өлі-тірісі әлі белгісіз.

Газадағы қақтығыстың ушығуы Палестина мемлекетін құру мәселесін күн тәртібіне қайта шығарды. Бүгінде Палестина мемлекетін БҰҰ-ға мүше елдердің 70 пайызы мойындағанмен, оның толыққанды халықаралық құқықтық мәртебесі әлі айқындалған жоқ. Әсіресе АҚШ пен Батыстың бірқатар одақтасы бұл қадамға қарсы шығып отыр. Дәл осы саяси бөлініс Палестинаның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуын тежеп, қақтығыстың жаңа кезеңдерге ұласуына жол ашты. Дегенмен өткен айда Ұлыбритания, Австралия, Канада және Франция сынды ірі мемлекеттердің Палестинаны мойындауы бұл мәселеге жаңа серпін берді. Әсіресе бір ғасыр бұрынғы «Бальфур декларациясы» арқылы Палестина дағдарысының бастауына себеп болған Ұлыбританияның осындай қадамға баруы символикалық тұрғыдан аса маңызды. Бұл шешім халықаралық аренада Палестинаның тәуелсіз мемлекет ретінде танылуына деген үмітті күшейткенін көрсетті.

БӘРІН БЫЛЫҚТЫРҒАН – ҰЛЫБРИТАНИЯ

1896 жылы қазіргі Израиль мемлекетінің атасы атанған Теодор Герцль «Еврей мемлекеті» (Der Judenstaat) атты еңбегін жазып, Израиль елін Палестина жерінде немесе өзге қолайлы аумақта құруды ұсынғаннан кейін еврейлердің Палестинаға қоныс аудару легі күшейіп, саяси сионизм қозғалысы қарқын алды. Кейін бұл идея 1897 жылғы Базельде өткен Бірінші сионистік конгресте ресми түрде бекітіліп, еврей халқы үшін Палестина жерінде ұлттық отан құру мақсаты халықаралық деңгейде күн тәртібіне шықты. 1917 жылы Ұлыбритания Сыртқы істер министрі Артур Бальфур «Бальфур декларациясын» жариялап, Палестинада еврей халқы үшін «ұлттық ошақ» құруды қолдайтынын мәлімдеді. Бұл құжат сионизм қозғалысы үшін тарихи бетбұрыс болды. Себебі Палестина сол кезде Осман империясының құрамында еді, ал Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталған соң, лига ұлттарының шешімімен ол Ұлыбританияның мандаттық аумағына айналды. Ұлыбританияның осы саясаты нәтижесінде Еуропадан және өзге аймақтардан Палестинаға еврейлердің қоныс аударуы қарқынды жүрді. Әсіресе, 1920-1930 жылдары Еуропадағы антисемитизм күшейіп, Гитлердің билікке келуімен құдалау үдеген шақта бұл көші-қон толқыны бұрынғыдан да арта түсті. Алайда еврейлердің жаппай қоныстануы жергілікті палестиналық араб халқының наразылығын тудырды. 1920-1936 жылдары Палестинада арабтардың көтерілісі болып, қақтығыс жиілей түсті. Бұл қайшылық кейінгі ірі араб-израиль соғыстарына алғышарт болды. 1947 жылға қарай Ұлыбритания Палестинадағы мандаттық биліктен шаршап, мәселені өзі шеше алмайтынын мойындады. Осылайша, ол бұл түйткілді Біріккен Ұлттар Ұйымының қарауына берді. Нәтижесінде БҰҰ-ның әйгілі 181-қарары қабылданып, Палестинаны бөлу жоспары ұсынылды. Жоспарға сәйкес, Палестина аумағында екі мемлекет — еврей және араб мемлекеттері құрылуы тиіс болды. Еврейлер бұл шешімді қабылдап, өз мемлекетін құруға дайындала бастады. Ал палестиналық арабтар мен араб елдері оны әділетсіз деп санап, үзілді-кесілді қарсы шықты. Себебі сол кезде Палестина халқының 65%-дан астамын арабтар құрайтын, жердің көбі де олардың иелігінде еді. 1948 жылы 14 мамырда Израиль мемлекетінің құрылғаны жарияланды. Бұл оқиға тарихтағы алғашқы араб-израиль соғысының басталуына түрткі болды. Міне, содан бері Палестина аумағы қан-қасап соғыстың оқ-дәрі мүңкіген майданына айналды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫСЫМ КҮШЕЙДІ

Палестина мемлекетін құруға қазіргі таңда Израиль тіс-тырнағымен қарсы шығып отыр. Әсіресе Израиль Премьер-министрі Беньямин Нетаньяху бұл идеяны ашық түрде қабылдамайтынын бірнеше рет мәлімдеді. Оның айтуынша, Палестина мемлекеті құрылса, ол Израильдің қауіпсіздігіне қатер төндіреді, ХАМАС секілді топтар күшейіп, ел аумағына жаңа қауіп әкелуі мүмкін. Сол себепті Израиль үкіметі, халықаралық қысымға қарамастан, БҰҰ-да көтерілген «екі мемлекет» шешімін қолдаудан бас тартып келеді. Керісінше, Тель-Авив қазірдің өзінде батыс жағалаудағы еврей қоныстарын заңдастырып, жаңа елді мекендер салуды жалғастыруда. Бұл әрекеттер Палестинаның болашақта егемен мемлекет құру мүмкіндігін одан әрі тарылтып отыр. Ал АҚШ президенті болса Ұлыбритания, Франция секілді мемлекеттердің Палестинаны мойындауын құптамай, оны ХАМАС-қа жасалған «сыйлық» деп бағалап, АҚШ-тың жуық арада Палестинаны мойындамайтынын ашық аңғартты. Алайда халықаралық қысымның күшеюі Израиль мен АҚШ-ты жаңа шешім қабылдауға мәжбүр етті.

ЖАҢА ЖОСПАР БЕЙБІТШІЛІККЕ ЖОЛ АША МА?

Жақында АҚШ президенті Дональд Трамп пен Израиль Премьері Беньямин Нетаньяху келіссөздерінен кейін Трамп Газадағы соғысты тоқтатуға арналған 21 тармақтан тұратын жоспарды жариялады. Жоспарға сәйкес, тараптар келісімге келсе, соғыс аяқталып, Израиль әскері шегінеді, әуе соққылары мен құрлық операциялары тоқтайды. 72 сағаттың ішінде ХАМАС кепіліндегі тұтқындар толық босап, оның орнына Израиль мыңдаған палестиналықты түрмеден шығарады. Бұдан кейін ХАМАС қарусыздануға міндеттеліп, бейбіт өмірге өтуге уәде береді, ал ұйым мүшелеріне рақымшылық жасалып, кеткісі келетіндерге қауіпсіз дәліз ашылады.

Жоспарда сондай-ақ Газаға толық көлемде гуманитарлық көмек жеткізу, су, электр, аурухана секілді инфрақұрылымды қалпына келтіру қарастырылған. Аймақты уақытша халықаралық бақылаудағы технократтық басқару жүргізіп, инвестиция тарту үшін арнайы экономикалық аймақ құру жоспарланған. Газадағы барлық әскери нысандар мен туннельдер жойылып, халықаралық «тұрақтандыру күштері» қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Израиль Газаны отарламайды және тұрақтандыру күштері Газаны бақылауға алғаннан кейін әскерін біртіндеп әкетуге тиіс. Трамптың бұл жоспарын араб елдері бастаған халықаралық қауымдастық «дұрыс қадам» деп қабылдап жатыр. Алайда ХАМАС-тың бұл жоспармен келісетін-келіспейтіні белгісіз. Егер ХАМАС Палестина халқының су боп аққан қанымен, өзен боп аққан көз жасымен санасса, бұл жоспармен келісуі тиіс. Ал келіспесе, онда Израильдің ойлағаны болайын деп тұр. Өйткені Трамптың «ХАМАС келісуі тиіс, келіспесе Израиль істі соңына дейін жалғастырады» деп мәлімдеуіне қарағанда, келісім жасалмаса, қанды жаныштау қайта жалғасын табатын тәрізді.

Сарапшылардың айтуынша, Трамп жоспарының қабылдануы Таяу Шығыстағы ұзақ жылғы қақтығысты тоқтатуға белгілі бір мүмкіндік беретіндей көрінгенмен, оның жүзеге асуы өте күрделі. Өйткені Израильдің қатаң ұстанымы мен ХАМАС-тың талаптары бір-біріне кереғар. Сондықтан бұл құжат тек уақытша дипломатиялық қадам ғана болуы мүмкін деген пікір басым.

ЖАҢАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ӘСКЕРИ КҮШІН БІРІКТІРДІ

Израильдің Қатар астанасы – Дохаға шабуылы Сауд Арабиясының қорғанысқа қатысты ұстанымын өзгертті. Өйткені «Йемендегі хуситтерге қарсы операция жүргізуге аттанып бара жатырмыз» деген сылтаумен Израиль әуе күштері Эр-Риядты алдап соққан.



Сөйтіп, әуе кеңістігі арқылы Дохаға кіріп, ХАМАС өкілдері отырған ғимаратқа бомба тастайды. АҚШ тарапынан берілген қауіпсіздік кепілдігіне қарамастан, биыл Қатар бір емес, екі рет бомбаланды. Президент Трамптың берген уәдесінің саяси салмағы болмағанына көз жеткізген Сауд Арабиясы қорғанудың басқа жолын тапқан сыңайлы. Тақауда корольдіктің тақ мұрагері Мұхаммед Бен Салман мен Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шариф бірлесіп қорғану туралы келісімге қол қойды. Құжатты «Исламабад пактісі» деп атады. Израиль Сауд Арабиясы қорғаныс пактісін желеу етіп, жасырын түрде әскери бағдарламасын жүзеге асыруы мүмкін деп қауіптенеді. Екі жақты келісімге қатысты Үндістан да алаңдаулы.

ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ БИІК КӨПІР

Қытайда әлемдегі ең биік көпір пайдалануға берілді. Аспалы өткел Гуйчжоу провинциясындағы тау жолдарын байланыстырады. Ұзындығы – 3 шақырымға жуық, ал биіктігі – 625 метр. Бұл шамамен 230 қабатты ғимаратпен тең.



Тек көлік дәлізі ғана емес, кешенді демалыс орны ретінде салынған көпірде бақылау мұнарасы, мейрамхана, биіктен парашютпен секіру сияқты алаңдар қарастырылған. Айта кетейік, Гуйчжоу – Қытайдағы көпірі ең көп провинция. Мұнда 30 мыңнан астам өткел болса, соның 100-ге жуығы әлемдегі ең биік көпірлер тізімінде. Қытайлар мұны туризм бағытында және қаладағы кептелісін азайту мақсатында пайдаланып отыр.

РЕКОРД ОРНАТТЫ

Поляк альпинисі Анджей Баргель әлемдік рекорд орнатты. Ол Эверест шыңына қосымша оттегінсіз көтеріліп, базалық лагерге дейін шаңғымен түскен тарихтағы алғашқы адам атанды.



37 жастағы спортшы шыңға 16 сағатта жетіп, Оңтүстік асу мен қауіпті Кумбу мұздығын бағындырып, аман-есен оралды. Бұл Баргель үшін алғашқы рекорд емес. Ол 2018 жылы әлемде биіктігі бойынша екінші орындағы К2 шыңынан қосымша оттегінсіз шаңғымен толық түскен тұңғыш спортшы болды. Енді альпинист өз рекордын жаңартты.

№116 (4860) 02/10/2025 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ

6 ҚАЗАН

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Інжу-маржан»
6:45 «Көңіл толқыны»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:10 «Кек жолында». Телехикая.
12:10 «Қызық екен...».
12:50 «Бақыттың кілті». Телехикая.
14:10 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
14:55 «Мүдде»
15:00 «Мерейлі отбасы».
15:15 «Әндер мен жылдар».
16:00 «АҚЖАУЫН». Телехикая.
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ».
18:00 «КЕК ЖОЛЫНДА». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:20 ТҰСАУКЕСЕР! «ЖҮРЕКТЕГІ М¥З».
22:50 «1001 ТҮН».
23:50 «Қазір айтайық».
1:15 «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». Телехикая.
2:15 «Ашық алаң».
3:05 «Теледәрігер»
3:35 «Інжу-маржан»
4:15 «Қызық екен...»
4:55 «Ауылдастар»



05:00 «Дүлдүлдер дүбірі»
06:00 Телехикая. «Пәленшеевтер»
